

#ЖаңаҚазақстан

Біз бүкіл ел болып Жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл – оңай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БӘРЕКЕЛДІ!



МҰХТАР
ШАХАНОВ –
ЕҢБЕК ЕРІ!

6

РУХАНИЯТ



АЛАШТЫҢ
АБЫРОЙЫ

7

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



МЕДЕУ
АБАТТАНАДЫ

5

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.06.2022

Түнде:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Күндіз:



+29+31 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

19.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ




Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №69 (6204) 18 маусым, сенбі, 2022 жыл.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

ҰЛТ ҰЯСЫ – ҰЛЫТАУ

Ұлы даланың тұғырлы төрінде халқымыздың ғасырлар бойғы қасиетті де қастерлі миссиясы қайта жалғасты



Жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуді көздеген Ұлттық құрылтай қазақстандықтардың ұйысуына өзек болды. Құрылтайдың басты мақсаты – жаңа идеялар мен жасампаз қадамдар арқылы ұлт бірлігін нығайту. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, ұлы даланың төрінде тұрған Ұлытау талай тарихи оқиғаның куәсі болған. Ел тағдырын айқындаған көптеген маңызды кеңестер дәл осында өткен. Киелі өлкеде Алтын Орда әміршілері мен Қазақ хандарының ізі қалған. Президент елді бір іске ұйыстыру мақсатымен Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтергенін айтты. «Біз ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапсын деп осы жерге келіп отырмыз. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты», – деді Президент.

2

БІЛІМ

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС ТҮЛЕК!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ
«АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕРЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Кеше Алматыда, Республика сарайы алдындағы Абай алаңында шаһар басшысы Ерболат Досаевтың қатысуымен үздік түлектерге «Алтын белгіні» табыстау рәсімі өтті.

6

ҚЫСҚА...

- Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайтарылады.
- Президент қыркүйекте сот жүйесіне қатысты реформаларды жария етеді.
- Мемлекет басшысы Петербург халықаралық экономикалық форумының 25 жылдығына арналған жиынға қатысты.
- Қасым-Жомарт Тоқаев Петербург халықаралық экономикалық форумының пленарлық отырысынан кейін Владимир Путинмен кездесу өткізді.
- Полиция Армения нөмірімен жүрген көлік жүргізушілеріне ескерту жасады.
- «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы 20 маусымда жолға шығады.
- Қазақстанға визасыз келетін елдер қатары артады.
- Ірі жылу электр станциясына 33 млрд теңге айыппұл салынды.
- Елордада «Дені сау ұлт» ұлттық медициналық саммиті өтеді.
- Су заңнамасы халықаралық принциптерге сәйкестендіріледі.

www.almaty-akshamy.kz



**Құрметті қауым!
Ардақты ағайын!**

Баршаңызға Ұлттық құрылтайдың ашылуы құтты болсын дегім келеді. Біз бүгін жалпыұлттық референдумнан кейін алғаш рет бас қосып отырмыз. Ата Заңға өзгерістер енгізуге арналған референдум табысты өтті. Азаматтарымыз дауыс беруге белсене қатысты. Отбасымен бірге барып, ел болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті. Шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты.

Референдумның қорытындысы баршаңызға белгілі. Көпшілік Ата Заңға өзгерістер енгізу туралы менің бастамамды қолдады. Дауыс беруге қатысқан барша азаматтарға зор алғысымды айтамын. Осылайша ел дамуының тарихи кезеңі басталды. Конституцияға енгізілген өзгерістермен бірге мемлекеттің саяси жүйесі өзгермек. Елді басқарудың жаңа үлгісі пайда болады. Яғни біз Екінші Республиканы құруға кірістік.

Алайда, кейбір азаматтарымыз референдум кезінде мемлекеттің атауы да өзгеруге тиіс еді деген пікір айтып жүр. Олар «Қазақстан» атауындағы «стан» сөзін елімізге де, бүкіл Азияға да жат ұғым деп санайды. Мұны да қисынды деп айтуға болмайды. Себебі, әлемде дәл осындай Пәкістан, Үндістан, Ауғанстан және Орталық Азия мемлекеттері бар.

Ең басты мәселе, біз Тәуелсіз еліміз – Қазақстан Республикасы атынан 30 жыл ішінде көптеген халықаралық келісім-шарттарға қол қойдық, мемлекеттік шекарамызды бекіттік. Осындай жағдайда мемлекетіміздің атауын өзгерту жауапсыз шешім болар еді. Бұл – ең алдымен, ұлттық қауіпсіздігімізге және халқымыздың бейбіт өміріне тікелей әсері бар өте маңызды мәселе.

Біз бүкіл ел болып Жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл – оңай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жаңарады.

Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл – бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік әрекет етсе, бұл, әрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз. Сол себепті, мен Жолдауымда Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтердім.

Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген.

Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды.

Егемендік кезеңінде Дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз Атамекенге шақырылды. Ұлы көш Тәуелсіз Қазақстанға бет алды.

Қазақ құрылтайларының бәрі ел дамуына зор өзгеріс әкелген. «Кеңесшіл ел кемдік көрмейді» деген нақыл сөз содан қалса керек. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бас қосып отырмыз. Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысын Ұлытауда өткізуге ұйғарым жасалды. Ұлық ұлыстың бастауында тұрған Жошы хан кесенесінің іргесіне ақ шатыр орнаттық. Мұның зор символдық мәні бар. Елдің бірлігі, ұлттың тұтастығы дегеніміз – осы.

Мен құрылтайға келер алдында тұтас елдің атынан ұлы Жошы ханның рухына Құран бағыштап, құрбан шалдым. Жаңа Қазақстанды құру жолындағы тарихи қадамның киелі жерден басталуы – жақсы ырым. Бәріміз бабалардың аруағы қолдап, ісіміз оңынан болсын деп тілейміз.

Ұлы даланың төрінде тұрған Ұлытау талай тарихи оқиғаның куәсі болған. Ел тағдырын айқындаған көптеген маңызды кеңестер дәл осында өткен. Киелі өлкеде Алтын Орда әміршілері мен Қазақ хандарының ізі қалған.

Біз ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапсын деп осы жерге келіп отырмыз.

ҰЛТ ҰЯСЫ –

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың



Менің Жарлығыммен бұл өңірде жаңа облыс құрылғанын білесіздер. Қасиетті өлкенің атауын жаңғыртып, оны Ұлытау деп атадық. Дербес облыс мәртебесі осы аймақты тың серпінмен дамытуға мүмкіндік береді. Жұмыс орындары ашылып, халықтың әл-ауқаты жақсара түседі деп ойлаймын. Жаңа нысандар, солардың ішінде әлеуметтік кешендер бой көтереді, туристік әлеуеті артады.

Облыстың алғашқы қадамы алқалы жиынан басталуда. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты.

Енді Ұлттық құрылтайдың жұмысын ұйымдастыру мәселесіне тоқталсам.

Оның құрамында 117 адам бар. Құрылтайға барлық облыстың, сан түрлі саланың, әр буынның өкілдері қатысып отыр. Біз көпті көрген ел ағаларының ақыл-кеңесіне жүгінеміз. Белсенді азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесін ескереміз. Жаңаша ойлайтын жастардың тың идеяларын қолдаймыз.

Құрылтайға Парламент депутаттары, саяси партиялар мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері де шақырылды. Үкіметтік емес және кәсіби ұйымдардың өкілдері де шет қалған жоқ. Құрылтай құрамына өңірлік қоғамдық кеңестердің мүшелерін қостық.

Мен Ұлттық құрылтай атына заты сай болып, ел үмітін ақтайды деп сенемін. Бізде түрлі пікірталас алаңдары бар. Бірақ Құрылтайдың орны бір бөлек.

Құрылтай – кең ауқымды жиын. Бірақ бұл жұмыстың сапасына кері әсер етпеуі керек. Отырыстарды мұқият ұйымдастыруымыз қажет. Бұл жерде шын мәнінде халықтың үні естілуге тиіс. Кез келген адамды Құрылтайға қатыстыруға болмайды. Жұрттың мұң-мұқтажын, талап-тілегін жеткізетін азаматтар бас қосуы керек. Бұл ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына кәміл сенемін.

Құрметті қауым! Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы мазмұнды болды деп айтуға болады. Халықтың көкейінде жүрген көптеген келелі мәселелер айтылды. Тың ойлар ортаға салынды. Оларға көңіл аударамыз. Ұсыныстарды Құрылтайдың хатшылығы жинақтап, маған береді. Жазбаша пікірлеріңіз болса, жіберіңіздер. Құрылтай жұмысынан сырт қалған адамдардың ұсыныстарына да көңіл бөлеміз. Ой-пікірлердің ешқайсысы елеусіз қалмайды. Оның бәрін зерделеп, маңызды бастамаларды міндетті түрде бірге жүзеге асырамыз. Жалпы, жұмысты жүйелі, ұйымдастырған түрде жүргізуіміз керек.

Ұлттық құрылтайдың Ұлытауда басталғаны дұрыс болды. Киелі өлкеміз Жаңа Қазақстанды құру жолындағы бірліктің символына айналды.

Осы орайда, мен тағы бір маңызды бастама көтергім келеді. Бұл жерде барлық рулардың таңбасы тасқа жазылған. Сол арқылы бабаларымыз ұлт бірлігін көрсеткен. Қаныш Сәтбаев «Еліміздің Ту тіккен жері – Таңбалы тас» деген. Өкінішке қарай, қастерлі жазулар кейін әбден бүлінді. Ел азаматтары Ұлытауға ескерткіш қойып, тастағы таңбаларды жаңғыртты. Бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлаймын.

Мұнда қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулетті нысан тұруы керек. Мен Әулиетаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырамын. Қасиетті өңірде Көк байрағымыз асқақтап тұруға тиіс. Сол арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқанын көрсетеміз. Тамыры терең мемлекеттігіміздің жаңа дәуірі басталғанын білдіреміз.

Референдум арқылы Ата Заңымызға енгізілген түзетулер күшіне енді. Біз басқа да заңдарды Конституцияға сай өзгертуіміз қажет. Халық шынайы жаңғыру болады деп күтіп отыр. Сол үшін референдумда бастамамызды қолдап, сенім мандатын берді. Енді, конституциялық реформаны жедел әрі толық жүзеге асыруымыз керек. Қазірдің өзінде маңызды өзгерістер болып жатыр.

Мен референдумға дейін партия қатарынан шықтым. 5 маусымнан кейін бұл шешім конституциялық нормаға айналды. Мемлекет басшысы барлық саяси күштерден дербес тұруы керек. Президенттің әрбір іс-әрекеті тек мемлекет мүддесіне арнауға тиіс.

8 маусымда үш жаңа облыс құрылды. Өңір басшылары Ата Заңның жаңа талаптарына сәйкес тағайындалды. Мәслихат депутаттары дауыс беріп, әкімді мен ұсынған азаматтардың ішінен таңдады.

Конституциялық өзгерістер, осылайша кезең-кезеңімен қолданыла бермек. Жаңарған Конституция толыққанды қолданысқа енуі үшін әлі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз 20-дан астам жаңа заң жобасын әзірлеп, қабылдауымыз қажет. Сайлау туралы, саяси партиялар туралы және басқа да бірқатар заңдарды өзгертеміз. Бұл елді табысты жаңғырту тұрғысынан өте маңызды. Заңдарды қабылдау үшін бірнеше ай, тіпті, жарты жыл уақыт қажет болуы мүмкін. Бірақ реформаны созып, арқаны кеңге салуға болмайды. Жұрт нақты өзгерістердің қазір болғанын қалайды. Сондықтан депутаттарымыз негізгі заң жобаларын осы кезден жинақтай беруі керек. Сосын күзгі сессия

басталғанда бірден іске кіріскен жөн. Басты заңдар жыл соңына дейін қабылдануға тиіс. Сонда ғана жан-жақты жаңғыруды жоғары қарқынмен жалғастыра аламыз.

Жалпы, конституциялық реформа саяси жүйенің тепе-теңдігін орнықтырады. Осы іс-шаралар халқымыздың мемлекетті басқару ісіне қатысуына мол мүмкіндік береді. Бұл – өте дұрыс. Мен мұны толық құптаймын. Себебі, сол арқылы жанашыр азаматтар ортақ іске жұмылады. Барлық шешімдер ел мүддесі тұрғысынан қабылданады.

Билік пен қоғамның әріптестігі Әділетті Қазақстанды құру ісінде айрықша рөл атқаруға тиіс. Осы орайда, референдум жаңа қоғамдық мәміленің негізін қалыптастырды. Біз ұлтты ұйыстыратын парасатты, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән беруіміз қажет. Бұл – Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті. Сондықтан, мынадай бағыттарға назар аудару қажет деп ойлаймын.

БІРІНШІ. Жалпыұлттық бірлікті нығайту.

Біз демократия дәстүрі жетілген, мықты азаматтық қоғам құрамыз. Бұл – стратегиялық бағытымыз. Осы бағдарды берік ұстануымыз керек. Соңғы үш жылда бұл салада біраз нәтижеге жеттік. Билік пен халық арасында мазмұнды диалог орнаттық. Бұған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі зор септігін тигізгенін атап өткім келеді. Сол арқылы бірқатар озық идеялар ұсынылды. Митингілер туралы демократиялық заң шықты. Партиялық сайлау тізіміне әйелдер мен жастар үшін отыз пайыздық квота енгізілді. Қоғамдық кеңестердің жұмысы жандана түсті. Саяси жаңғыру бағдарламасы арқылы оң бастамалар лайықты жалғасын табары сөзсіз.

Ұлттық құрылтайдың шақырылуы – ел өміріндегі елеулі оқиға. Құрылтайдың басты мақсаты – жаңа идеялар мен жасампаз қадамдар арқылы ұлт бірлігін нығайту.

Біз, ең алдымен, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға айрықша мән беруіміз қажет. Сонымен қатар, қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Халықтың болмысын және қоғамдық сананы жаңғыртпай, түбегейлі өзгеріс жасау мүмкін емес.

Біз орнықты демократиялық институттар құрамыз десек, саяси жауапкершілік мәдениетін дамытуымыз қажет. Шын мәнінде, нағыз отаншылдық қасиетті қалыптастыруға тиіспіз. Сонда радикализм мен экстремизмге тосқауыл қоямыз.



ҰЛЫТАУ

Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі

• Мен Qirultau деген арнайы мобильді қосымша әзірлеуді ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн-режимде айта алады. Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет. Сондай-ақ, оған тікелей қатысуға мүмкіндігі болуы керек. Азаматтар өзекті мәселелер бойынша интерактивті сауалнамаға қатысады. Кез келген түйткілді шешу жолын ұсынып, елімізді жаңғыртуға өз үлесін қоса алады. Қайырымдылық істерді үйлестіретін түсінікті әрі тиімді электронды сервисті іске қосуға болады. Мұның бәрі цифрлық демократияны дамытатын технологиялық платформаның негізін қалайды. Дамыған мемлекеттер осыған ұмтылып жатыр. Біз ғаламдық өркениеттің көшінен қалып қоймауымыз қажет. Ұлттық құрылтайдың электронды нұсқасын жасаған жөн. Сонда әрбір азаматымыз ортақ іске атсалысады.

Демократия дегеніміз – керемет өмір туралы жалпылама ұғым, түсінік емес. Бұл – күнделікті тынымсыз еңбекті талап ететін өркениетті өмір салты. Атақұмарлар мен алаяқтардың жалаң ұраны мен құрғақ уәдесіне алданбау қажет. Еліміздің болашағы үшін аса маңызды мәселелерді дау-дамаймен емес, ұтымды ой-пікірмен, парасатты пайыммен және саналы көзқараспен шешкеніміз абзал. Біз «түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануымыз қажет. Бір-біріміздің ой-пікірімізді тыңдап, құрметтей білсек, алға қаддам басамыз.

Біз демократиялық реформа жасаймыз деп, мемлекетті әлсіретуге еш жол бермеуіміз керек.

Мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалада еліміздің ең басты құндылығы – егемендік екенін атап өттім. Қаңтардағы қайғылы оқиғалардан кейін Қазақстанда саяси белсенділік күрт артты. Жаңа саяси партиялар және қозғалыстар құрылып жатыр. Қоғам белсенділері әлеуметтік желіде түрлі мәселелерді көтеріп жүр. Шыны керек, кейде мүлде ақыяға сыймайтын пайымдар да айтылады.

Жұрт даулы мәселелерге наразылық білдіріп, көшеге шығатын болды. Заңды белден басатын азаматтар да жоқ емес. Біртіндеп демократия жолына түсу кезінде мұндай жағдайлардың болуы – түсінікті. Бірақ Заң талабы мүлтіксіз орындалуға тиіс екенін әрдайым есте ұстау қажет.

Заң мен тәртіп – ішкі тұрақтылықтың бірден-бір кепілі. Онсыз қоғамның дамуы мүмкін емес. Сондықтан бұл қағида біздің ең басты бағдарымыз болуға тиіс.

Жалпы, отбасын асырау үшін табанды еңбек етіп жүрген, заңға бағынатын адамдар құрметке ие болуы керек. Өкінішке қарай, бізде көше бұзақылары, жауапкершіліктен жүрдай блогерлер және масылдық пиғылмен айқай шығаратын адамдар бүгінгі күннің батырына айналды. Депутаттар мен атқарушы билік өкілдері соларға ғана баса мән беретін болды. Түрлі деңгейдегі шенеуніктер солардың ғана талабын орындауға жүгіреді.

Орталықтағы және аймақтардағы билік барлық азаматтың мұң-мұқтажына бірдей қарауға тиіс. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» көмегіне сеніп отырған, заңға бағынатын қарапайым жұрт назардан тыс қалмауы керек.

Елімізде әлі шешімін таппаған түйткілдер көп. Оған көз жұма қарау қоғамда әділетсіздік жойылмайды деген теріс ой туғызып, әлеуметтік депрессияға әкеп соқтырады. Біз бар күш-жігерімізді салып, осы мәселені шешуіміз керек. Мемлекет пен халық мүддесін бәрінен биік қойғанда ғана, мақсатымызға жетеміз.

Нағыз мемлекетшіл адам қара басының қамын емес, халқының игілігін ойлауы керек. Мен баршаңызды дәл осындай отаншыл азаматтар деп санаймын.

Ұлтымыз бірлік пен тәуелсіздік мұраттары жолында ұйысуы қажет. Ұлттық құрылтай мүшелері осы мақсатқа бар күш-жігерін жұмсайтынына кәміл сенемін. Сонда ғана озық демократия дәстүрін қалыптастырамыз, Әділетті және Жаңа Қазақстанды құрамыз.

ЕКІНШІ. Реформалардың мән-маңызын халыққа түсіндіру

Ең бастысы, біздің бағдарымызды халықтың басым көпшілігі қолдап отыр. Азаматтарымыз елімізде түбегейлі өзгеріс болатынына сенеді. Дегенмен, референдум табысты өтті екен деп, босануға болмайды. Нағыз жұмыс енді басталды.

Реформаны жүзеге асыру барысын елге

ұдайы түсіндіріп отыруымыз керек. Қазірдің өзінде жаңғыру үдерісі біртіндеп жалпыұлттық сипатқа ие бола бастады. Шын мәнінде, жаңғырудың әсерін әрбір азаматымыз сезінуі қажет. Елдегі өзгеріске әркім өз ісіндей қараса, шын мәнінде, жаңару жолына түсеміз. Мұны еліміздің әрбір азаматы терең түсінгені жөн.

Сіздер еліміздің түкпір-түкпірінен келіп отырсыздар. Тұрғындармен жиі кездесесіздер. Реформаның мән-маңызын елге жан-жақты түсіндіру қажет.

Қазір – интернет дәуірі. Жастар өзіне қажет мәліметті ғаламтордан алады. Дәстүрлі ақпарат құралдарымен қатар, әлеуметтік желіге баса мән беру қажет. Жаңғырудың маңызын ұрпақ санасына сіңіру үшін жаңа тәсілдерді қолдану керек. Жалпы, түсіндіру жұмысы кезінде жастарға айрықша назар аударған жөн. Өйткені, бүгінгі реформалардың игілігін ертең солар көреді. Біз не істесек те бәрін ұрпақ үшін істеп жатырмыз.

Әрине, бұл жұмыстан қоғамның басқа өкілдері де тыс қалмауға тиіс. Жаңа қоғам құрып, жаңа сананы қалыптастыру ісіне бүкіл елді ұйыстыру қажет. Осылайша Құрылтай реформаларды жүзеге асыруға жан-жақты атсалысады. Түптеп келгенде, Ұлттық құрылтай негізгі азаматтық қоғам институттарының біріне айналуға тиіс.

ҮШІНШІ. Жаңа технологиялар арқылы халықты ауқымды реформаларға қатыстыру

Құрылтайға қанша адам кірсе де, қоғамды толық қамти алмайды деген пікір айтылып жүр. Бірақ Құрылтай мүшелерін көбейте берсек, одан пайда болмайды. Бұдан жұмыстың берекесі қашып, ұйымдастыру ісі қиындап кетуі мүмкін.

Құрылтай – белгілі бір адамдар ғана бас қосатын жер емес. Ол, шын мәнінде, жалпыұлттық жиынға айналуы керек. Бұл – өте маңызды міндет.

Біз Жаңа цифрлық технологияның мүмкіндігін кеңінен пайдалануымыз қажет. Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ.

Құрметті Құрылтайға қатысушылар!

Мен елімізді дамытуға қатысты бірнеше маңызды мәселеге тоқталғым келеді. Жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайта түсу – ең басты міндеттің бірі. Жаңа Қазақстан дегеніміз – ең алдымен, құндылықтардың жаңаруы. Сондай-ақ, қоғамдағы қарым-қатынас мәдениетінің өзгеруі. Мен осыған дейін де бұл

• Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек.

туралы бірнеше рет айттым.

Тағы бір маңызды жұмыс – бұл тарихи әділдік орнату. Бір кездері ұмытылып кеткен ұлт перзенттерінің есімін қайта жаңғыртуымыз керек. Ел тағдырын айқындаған тарихи оқиғаларға лайықты баға берген жөн. Соңғы екі жылда бұл бағытта көптеген жұмыс атқарылды. Ұлтымыздың көрнекті тұлғаларының есімі ардақталды. Тарихи даталар қалпына келтірілді. Осылайша еліміздің шынайы шежіресі жазылып жатыр. Өткенге әділ баға берілмесе, жарқын болашақтан үміт күту қиын. Мұны терең түсінген абзал.

Мен былтыр еліміздің академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазу туралы тапсырма бердім. Қазір Қазақстан тарихының көп томы әзірленіп жатыр. Белгілі ғалымдарымыз жұмылып, осы маңызды іске атсалысуда. Мен өзім де бұл жұмысқа үлесімді қосамын. Оны келесі жылдың ортасында түбегейлі аяқтау керек. Дегенмен, мәселе уақытта емес, сапада. Тарихымыз жүйелі, шынайы, ең бастысы, тәуелсіз елдің көзқарасымен жазылуы керек. Ғылым және жоғары білім министрлігіне мұны айрықша қадағалауды тапсырамын. Қажет болса, шетел ғалымдарын да тартуға болады.

Біз – тарихтан тағылым ала білген халықпыз. Бүгін қайта жалғасын тапқан Құрылтайды төл тарихымызға тағзым деуге болады. Осы Құрылтай да ертең ұлт шежіресінің бір бөлісіне айналатыны анық.

Елдің тарихи жадын жаңғырту үшін үйлесімді саясаттың болуы ерекше маңызды. Осы орайда, біз ел дамуының жаңа басымдықтарын белгілеп алуымыз керек. Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн.

Саяси реформаны мерекелер күнтізбесімен ұштастыруымыз бекер емес. Бұл қадам қоғамды жаңғыртады және ел бірлігін нығайта түседі деп санаймын. Біз ауқымды реформа жүргізу арқылы билік пен қоғамның қарым-қатынасын түбегейлі өзгертеміз. Яғни олардың арасында өзара серіктестік пайда болады. Бір сөзбен айтқанда, азаматтарымыздың ел басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырамыз. Әр адамның жетістігі тұтас еліміздің табысты болуына жол ашады.

Біздің қоғамның ынтымақ-бірлігі мүлде жаңа сипатқа ие болды. Алдымызда ауқымды жұмыс бар. Жаңа Қазақстан идеясын іске асырамыз десек, аянбай еңбек етуіміз керек. Шын мәнінде, елді еңбекқорлық қана көркейтеді. Табысқа жетудің ең басты кілті – еңбек.

Ұлы Абай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп өсиет қалдырды. Еңбекқорлық біздің негізгі құндылығымыз болуы қажет. Оны ұлт сипатын айқындайтын асыл қасиетке айналдыруға тиіспіз. Табанды еңбек – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын басты формуланың бірі. Тіпті, бірегейі деуге болады.

Әлемде еңбекті бәсекелестік деңгейіне көтерген мемлекеттер бар. Соның арқасында олар сапалы өнімдерімен жер жүзін мойындап отыр. Бұл халықтар өз ұрпағын жас кезінен тынбай жұмыс істеуге баулиды. Солардың тәжірибесін өзімізге бейімдеп, бала тәрбиесіне енгізу жайын қарастырамыз.

Халқымыз «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтпаған. Жаңа Қазақстанда еңбекқор адам ең сыйлы адам болуға тиіс. Біз өскелең ұрпақты адал еңбекке баулып, жаһандық нарықта бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуіміз қажет. Маңдай термен тапқан әр тиын – нағыз ардың ісі, Абай айтқан «толық адамның» еңбегі екенін жастардың санасына тоқуымыз қажет.

Біздің бұрынғы бір министріміз бауырлас көрші мемлекеттің азаматтарын келеке қылғаны бар. Олар Ресейге барып, қара жұмыс істеуге мәжбүр, ал біз, қазақтар, ондай жұмысты істемейміз, бақытты халықпыз деп айтқан. «Естімеген елде көп», әрине. Бірақ бұдан өткен сорақылықты ойлап табудың өзі қиын. Еңбектен қашқан адам кездесін ұрып, мақтабай, керісінше, ондай әрекетінен ұялуы керек.

Еңбек дегеніміз – бұл қасиетті ұғым. Адал еңбекті күлкі етіп, мазақ қылуға болмайды. Мұндай теріс пікірлер жастарды адастырады, олардың дүниетанымына жағымсыз әсер етеді. Тіпті, кейде жастарымыз жұмыстан қашып, жеңіл табыс көзін іздеп жатады. Ақыр соңында, мұның бәрі бүкіл халықтың абырой-беделіне нұқсан келтіреді.

Қазақ – қолы ашық, қайырымды, қонақжай халық. Бұған ешкімнің таласы жоқ деп ойлаймын. Бірақ әлемде осындай қасиеттерге ие халықтар аз емес. Жастарымыз, ең алдымен, зияткерлік қабілеті жоғары, ойы ұшқыр, еңбекқор болуы қажет.

(Жалғасы 4-бетте)

Зиялының сөзі



Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі:

ҚҰРЫЛТАЙ ЖҮГІ ЖЕҢІЛ ЕМЕС

Ұлытау төрінде өткен Ұлттық құрылтай жиынына қатысып қайттық.

Халық пен билік арасында алтын көпір болып жүрген елдің айтулы азаматтары ақылдасар, келелі кеңес құрар ашық алаңына айналатын Ұлттық құрылтайдың жалпыұлттық сипаты зор.

Елімізде қабылданар тағдыршешті мәселелерге оның әрбір мүшелері өзіндік ой-пікірлері мен ұсыныстары арқылы араласуына даңғыл жол ашылып отыр.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен келелі кездесуде Ұлттық құрылтайдың атқарар жоспарларының басым бағыттары айқындалды.

Тілші-ғалым ретінде маған Президенттің әліпби мәселесі жөніндегі пайымдары терең ой салды. Мемлекет басшысы әліпбиді жетілдіру бойынша Тіл білімі институтына тапсырма бергенін тілге тиек етті. Қазақ тілін латын қаріпті әліпбиге ауыстыру тыңғылықты жүйелі жұмыс нәтижесінде асықпай-аптықпай қабылданатынын жұртшылыққа жеткізгім келеді.

Жиын соңында ақиық ақын, Қазақстан халық жазушысы Мұхтар Шахановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының берілуін – Президент тарапынан тіл жанашырларына көрсетілген құрмет деп бағаладық. Ортақ қуаныш құтты болсын!



Еділ ЖАНБЫРШИН,
Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты:

СИМВОЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР

Ұлттық Құрылтайдың үлкен символикалық маңызы бар деп ойлаймын. Референдумнан кейінгі елдің басын біріктірген алқалы жиынның қоғамға берері көп. Құрылтайда қазақтың басын біріктіретін маңызды идеялар мен пікірлер айтылды. Себебі, елдің басына күн туған кезде ата-бабаларымыз осы жер – Ұлытауда жиналып, елдік мәселелерді шешкен. Тіпті, тарих үшін орасан зор маңызы бар геосаяси мәселелер шешілген. Мысалы, бұл өлке Алтын Орда құрылған аймақ, сондай-ақ, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» мен Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қалыптасқан жер. Сондықтан бұл киелі мекеннің үлкен символикалық мән-мағынасы бар. Ұлттық Құрылтай арқылы референдумнан кейінгі Қазақстанның жаңа траекториясын, жаңа идеяларын бағдарлаймыз, Жаңа Қазақстанның негізін, тағдыршешті мәселелерін қалыптастырамыз деп ойлаймын.



ҰЛТ ҰЯСЫ – ҰЛЫТАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі

(Басы 2-3 беттерде)



• Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізіп жатырмыз. Бұл – еліміз үшін өте өзекті, қажетті мәселе. Қазақстан жемқорлықпен күрестің негізгі көрсеткіштері бойынша айтарлықтай алға басты. Халықаралық рейтинг агенттіктері осылай деп бағалап отыр. Бірақ тоқмейілісіп отыруға болмайды. Өкінішке қарай, жемқорлық – жұрттың санасына сіңіп, әбден әдетке айналып кеткен. Бұл – ащы болса да, шындық. Азаматтарымыз саяси қолдауға ие болған кейбір адамдардың шектен тыс байып кететініне наразы. Оған қоса, олар байлықтарының қомақты бөлігін шетел асырып әкеткен. Халықтың ашуын түсінуге болады. Сондықтан менің Жарлығыммен Арнаулы мекемелерлік комиссия құрылды. Комиссияның міндеті – шетелге заңсыз шығарылған қаржыны елге қайтару.

Қазір – ақыл-ой және дарын иелерінің заманы. Қазақстан да осы көштен шет қалмауға тиіс. Озық білім мен қажырлы еңбекті ұштастыра білсек ғана, еліміз өсіп-өркендейді. Көздеген мақсатына жетеді. Халқымыз қанағатшыл, үнемшіл, өнертапқыш болуға ұмтылуы керек. Осындай жақсы қасиеттер әркімнің мұратына айналуға тиіс.

Қоғамда қызу талқыланып жатқан тағы бір мәселеге тоқталсам. Бұл – кадр саясаты. Әділетті Қазақстанды құру кадрлардың орнын ауыстыра беру деген сөз емес. Өз ісін жетік білетін кәсіби мамандар, отаншыл азаматтар қашанда бағалы. Мемлекеттік қызметшілерге қандай да бір кландың мүшесі ретінде қарауға болмайды. Әрине, олардың құрамын жаңартып отырған дұрыс. Бірақ мұны терең ойланып, байыппен жасау қажет. Кадрларды жаппай жұмыстан шығару жақсылыққа апармайды.

Әлеуметтік желіде «ескі кадрмен Жаңа Қазақстанды қалай құруға болады?» дейтіндер бар. Бұл – орынды сұрақ. Бірақ негізінен кадрларды біртіндеп ауыстыру керек. Тіпті, кезінде Ресейде, Қытайда, Иранда болған революциялардан кейін де бұрынғы режимнің шенеуніктері мемлекеттік қызметін жалғастырған. Бұл елдермен салыстырғанда біздегі жағдай, әрине, мүлде басқаша.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілерді қолынан түк келмейді деп кемсітуді доғару керек. Тіпті, оларды «Халық жаулары» сияқты көретіндер де бар. «Шенеунік» деген сөз жағымсыз ұғымға айналып барады. Бұл – дұрыс емес.

Мемлекеттік қызметте адал әрі білікті кадрлар өте көп. Олар Отанымыздың игілігі жолында тынбай еңбек етіп жүр. Бірақ өкінішке қарай, «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген де бар. Ондай адамдармен біз бірден қоштасып жатырмыз. Болашақта да солай болады.

Бұл – өте күрделі жұмыс, ұзаққа созылуы мүмкін. Себебі, көптеген заңдық процедурадан өту керек. Бірақ біз қалай болса да, бұл мәселемен мұқият айналысуымыз қажет. Әйтпесе, әділетті қоғам туралы сөз қозғаудың өзі қиын болады. Құрылтай мүшелері осы қоғамдық кеселдің бетін қайтаруға белсене атсалысады деп сенемін. Әрине, бұл – бір жылдық шаруа емес. Тиісті түсіндіру

жұмысын жүргізіп, тосқауыл қоймасак, жемқорлар алшаң басып жүре береді. Ал жұмысына адал нағыз еңбек адамына қоғам, әсіресе жастар менсінбей қарайтын болады. Бұл – өте қауіпті үрдіс. Мұны баршаңыз жақсы түсініп отырсыздар деп ойлаймын.

Жалпы, әділдік – әрқайсымыздың бойымызда болуға тиіс құнды қасиет. Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, «әділдік жолы – ең қиын жол» екенін ұмытпауымыз керек. Заң үстемдігін орната алмаған ел түбінде құрдымға кетеді. Біз барлық салада бәріне бірдей мүмкіндік беретін нағыз әділ қоғам құруымыз керек. Оның бір жолы – тәуелсіз сот жүйесі.

Балаларымыз «Тура биде туған жоқ деген» деген сөзді тегін айтқан жоқ. Біз қаракылды қақ жарған билер жолын жалғастыруға тиіспіз. Қазіргі таңда елімізде үш жүзге жуық судья жетіспейді. Сол орындарға әділ, адал және білікті жастарды тартуымыз қажет. Мен мықты кәсіби заңгерлерді Әділетті Қазақстанды бірге құруға шақырамын.

Ұлттық құрылтай қоғамдағы өзара түсіністік пен келісімнің символына айналуы керек. Бір ел болып жұмылсақ ғана, барлық кедергілерді еңсереміз, өсіп-өркендейміз. Бізді ұлт ретінде ұйыстыратын құндылықтарды көздің қарашығындай сақтау аса маңызды.

Мемлекеттік рәміздерімізге, ана тілімізге деген құрмет әрқашан жоғары болуға тиіс. Қазақ тіліне қатысты алаңдаушылық елдегі жағдайды дұрыс түсінбегеннен туындап отыр. Шын мәнінде, бұрынғы ахуал мен қазіргі кезеңді мүлде салыстыруға келмейді. Мемлекеттік тілдің тұғыры күн өткен сайын нығайып келеді. Оған қоса, әлемнің басты акпарат құралдары қазақша шығып жатыр.

Жақында әйгілі «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде тарайтын «NICKELODEON» телеарнасы қазақша көрсетіле бастады. Жастардың бастамасымен «NATIONAL GEOGRAPHIC» журналы 6 жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Осындай көптеген жағымды жаңалықтар бар. Бірақ бұл жеткілікті емес. Сондықтан қатты алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын. Десек те, осы саладағы жұмысымызды даңғазға жасамай, табандылықпен жүргізуіміз қажет.

• Қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі жасай береді. Бұған ешқандай күмән болмауы керек. Біздің елде ұлтына, тіліне бола ешбір азаматтың құқы шектелмеуге тиіс. Әйтпесе, қоғамда жанжал тууы мүмкін. Ел ішіне іріткі түскенін қалайтындар осыны тілеп отыр. Сондықтан тіл мәселесі бойынша бәріміз ұстамдылық танытуымыз керек деп ойлаймын. Әйтпесе, бұл сырт көзге ұлтымыздың өз болашағына деген сенімсіздігі, тіпті, әлсіздігі сияқты көрінеді. Баршаңыз тілге құрметімізді құр сөзбен емес, нақты іспен көрсетуіміз керек. Әсіресе радикалдық іс-шараларға, мысалы, тіл патрульдеріне жол бермеуіміз қажет. Олар – нағыз арандатушылар, өзге елдердің мүддесіне қызмет етеді.

Ғылым, оқу-ағарту жүйесінде маңызды өзгерістер, тіпті ауқымды реформалар керек. Қазақ тілі ғылымның, техниканың, бизнестің тілі болуына үлес қосайық.

Тілге байланысты тағы бір маңызды мәселе. Бұл – латын әліпбиіне көшу туралы. Кейбір қоғам өкілдері біз әлі күнге дейін кириллицадан арыла алмай жатырмыз деп, алаңдаушылық білдіруде. Бірақ ең алдымен, бұл лингвистикалық тұрғыдан өте күрделі мәселе. Осыны жақсы түсінген жөн.

Бұған дейін біз 2 рет латын графикасына көшуге тырыстық. Алайда, соңы сәтті болған жоқ. Сондықтан бұл мәселеге жан-жақты, терең талдау жасап барып, түбегейлі шешім қабылдаған абзал. Кириллицадан латын әліпбиіне жасанды түрде, тек сәйкес әріптерді өзгерту арқылы көшуге болмайды. Әйтпесе, бұл үлкен қателікке апарып соғады. Ең бастысы, азаматтар, әсіресе, жастарымыз қазақ тіліндегі барлық сөздердің латын графикасындағы жазылу тәртібін анық

білуі керек. Яғни, тілімізге арналған орфографиялық қағидаларды қайта қараған жөн. Мысалы, кириллица графикасындағы қазақ тілінің төл сөздерінде «ы» әрпі жиі кездеседі. Осы әріпті механикалық түрде латын графикасына көшірсе, ағылшын тіліндегі «ү» әрпі әрбір тиісті сөзде пайда болады. Бұл – дұрыс емес. Бізге және түркітілдес бауырларымызға «ү» әрпі жиі кездесетін сөздерді оқу қиынға соғады. Мысалы, «тынштық» («tynyshtyq») деген сөзді алып қараңыздар, үш «ү» әрпі пайда болды. Сөздің өзі көзге жағымсыз көрінеді. Осындай мысалдар өте көп. Міне, сол себепті, мен Тіл білімі институтына қазақ тілінің жаңа орфографиясы туралы арнайы еңбек әзірлеуді тапсырдым. Содан кейін ғана латын әліпбиіне ауысу жөнінде айтуға болады. Асығыстыққа жол бермеуіміз керек. Тіпті, көшедегі билбордтар мен министрліктердің атауына қарасақ та жеткілікті. Тіліміз бұрмаланып кетті. Ашығын айту керек, бұл қазақ тілінің табиғатына жат, тіпті, тілімізді мазақ қылу сияқты көрінеді. Мұндай үстірт жасалған тіл реформасының қажеті жоқ.

Бізге нақты реформа керек. Тіл – ұлттың жаны. Оған немқұрайлы қарауға мүлде болмайды. Сондықтан біз тіліміздің мәртебесін арттыратын графиканы ғана қабылдаймыз.

Құрметті жиналған қауым!

Ұлттық құрылтай туралы бастаманы қолдағандарыңыз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін.

Біз бүгін құрылтай жұмысының негізгі бағдарын айқындадық. Бұл құрылым демократия құндылықтарын орнықтыруға зор үлес қосары сөзсіз. Құрылтай жұмысы мұнымен шектеліп қалмайды. Біз жыл сайын тұрақты түрде кездесіп тұрамыз.

Қазақ даласында ел тағдыры шешілген тарихи орындар аз емес. Ұлытаудан бөлек, Ордабасы, Мәртөбе, Күлтөбе сияқты қастерлі жерлеріміз бар. Мен келесі басқосуды киелі Түркістанда өткізуді ұсынамын. Құрылтайдың әр аймақта өтуі сол өңірдің дамуына серпін береді. Оның мүшелері әр жолы бір өңірдің тыныс-тіршілігімен танысады.

Алдымызда ауқымды жұмыс бар. Ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық болуы керек. Онсыз Қазақстанның өсіп-өркендеуі мүмкін емес. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың өзегі ел бірлігі екенін есте сақтайық. Халқымыз «береке басы – бірлік» деген.

Қазір әлемдегі ахуал құбылмалы. Оны жақсы білесіздер. Осы күрделі кезеңде ауызбіршілігіміздің мықты болуы өте маңызды. Біз қиындықтың бәрін ынтымақтың арқасында еңсеріп келеміз. Болашақта да осы жолдан таймауымыз керек.

Мен халқымыздың жасампаздық рухына кәміл сенемін.

Жаңа Қазақстанды бәріміз бірге өркендетейік!

Қазақ елінің мәртебесі биіктей берсін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Баршаңызға шынайы алғысымды айтамын.

• Ұлттық құрылтайдағы сөзін осылайша қорытындылаған Президент жиынды жағымды жаңалықпен аяқтады. «Кеше даңқты композитор, сазгер Шәмші Қалдаяқовқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілгенін білесіздер. Ол – Әнұранымыздың авторы, ұлт руханиятында ерекше орны бар аса көрнекті тұлға. Біртуар сазгерге құрмет көрсету – перзенттік парызымыз. Шәмшіні халқымыз «қазақ вальсінің королі» деп қадірлейді. Шәмшінің әндері қашанда халықтың жүрегінде, ешқашан құндылығын жоймайды. Шәмші ағамыз әлі күнге дейін халқымыздың өмірінің бір бөлігі деп айтуға болады. Оның ақын Мұхтар Шахановпен бірлесіп жазған әндері елге кеңінен танымал. Әйгілі композитор мен атақты ақынның достығы – барша жұртқа үлгі. Жақында Шәмшінің іні-досы Мұхтар Шаханов сексен жасқа толады. Оның шығармашылық еңбегі қандай құрметке де лайықты. Ол кісі – өте шыншыл, адал, ұлтжанды адам. Мен бүгін Мұхтар Шахановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым. Еліміздің ең жоғары марапатын ақынға ұлт ұясы – Ұлытаудың төрінде тапсырғанды жөн көрдім», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау төрінде алты алашқа әйгілі ақын төсіне «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының мәртебелі белгісін, «Отан» орденін тақты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ



МЕДЕУ АБАТТАНАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесті

Шаһар басшысының халықпен алтыншы кездесуі Медеу ауданында өтті. Іс-шараға 300-ден астам қала тұрғындары қатысты.

Алматы қаласы әкімінің ақпараты бойынша, Медеу ауданы қаламыздың ең ірі іскерлік, мәдени және туристік орталығы болып табылады, мегаполистің салық және сауда айналымының төрттен бірін қамтамасыз етеді. Халықпен кездесу барысында қала басшысы ауданның негізгі проблемалық мәселелерін, оның ішінде инфрақұрылымдық проблемаларды, сумен жабдықтау және су бұрумен қамтамасыз етуді, электр желілерін қайта құруды, медициналық қызметтермен қадамдық қолжетімділікте қамтуды, мектептердегі оқушы орындардың тапшылығын, балабақшалардағы орындардың жетіспеушілігін, интернет желісіне және ұялы байланысқа тұрақты қолжетімділіктің болмауын атап өтті.

Бүгінде ауданда, әсіресе, «Көлсай», «Сұлу-сай», «Аққайың» шағынаудандарында сумен жабдықтау мәселелері өткір тұр. Ерболат Досаев аталған шағынаудандарды су көзімен қамтамасыз ету үшін «Балқаш» су жинау станциясына дейін қосатын магистральдық желі жобасының әзірленіп жатқанын хабарлады. Жобалық құжаттама ағымдағы жылдың тамызы айында аяқталады. Құрылыс-монтаж жұмыстары келесі жылдың көктемінде басталады.

«Кеңсай» шағынауданындағы М.Шокай және Сәрсенбаев көшелерінде сумен жабдықтау және су бұрудың магистральды желілерін салу бойынша жоба әзірленді. Құрылыс 2023 жылға жоспарланған.

Жыл соңына дейін «Кеңсай» және «Каменское плато» шағынаудандарында 11 трансформаторлық қосалқы станция мен 35 шақырым электр желісін қайта құру жоспарлануда. Нәтижесінде электрмен қамтамасыз ету 60%-дан 85%-ға дейін артады.

Медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында «Думан» шағынауданында бір ауысымда 500 адам қабылдайтын жаңа заманауи емхана салу жоспарлануда. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін жер учаскесі анықталды, қаражат бөлінді, құрылыстың басталуы 2023 жылға жоспарланған.

Әкімнің мәліметінше, Медеу ауданындағы мектептер мен балабақшалардағы орындардың тапшылығы тиісінше 4,5 мыңды құрайды. Ағымдағы жылы ауданда екі мектепке күрделі жөндеу жүргізіледі. №48 мектепті модернизациялауды жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Жобалық қуаты 600 орынды №4 мектеп ғимаратына қосалқы құрылыс салу мәселесі пысықталуда.

Жыл басынан бері қуаты 135 орынды үш балабақшада күрделі жөндеу аяқталды, жеке инвесторлар есебінен 357 орынды 7 балабақша ашылды. Жыл соңына дейін 200 орынды тағы 5 мектепке дейінгі ұйым ашу жоспарлануда.

Жыл басынан бастап қуаттылығы 135 орынды үш балабақшада күрделі жөндеу аяқталды, жеке инвесторлар есебінен 357

орынды 7 балабақша ашылды. Жыл соңына дейін 200 орынды тағы 5 мектепке дейінгі ұйым ашу жоспарлануда.

Мегаполистің телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамыту аясында биыл «Таулы қырат», «Көк-Төбе-1», «Көк-Төбе-2», «Компот», «Кіші Станица», «Шуақты» шағынаудандарында жоғары жылдамдықты интернетке қосу жұмыстары жоспарланған.

«Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында Медеу ауданына 800 млн теңге бөлінді. Тұрғындардан келіп түскен 110 өтінімнің ішінен 20 жоба іріктеліп алынды, олардың ішіндегі ең ірісі – Тіксай өзенінің жағалауын абаттандыру жөніндегі 3 жоба.

Алматы қаласының әкімімен кездесу барысында тұрғындар жолдарды, көріз және

электр желілерін жөндеу, абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді – тоқсан сайын 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу.

Еске салсақ, шаһар басшысының халықпен алғашқы кездесуі Бостандық ауданында 14 сәуірде, екіншісі – Алатау ауданының тұрғындарымен 28 сәуірде, үшіншісі – Әуезов ауданында 12 мамырда, төртіншісі – Наурызбай ауданында 19 мамырда, бесіншісі – Жетісу ауданында 26 мамырда өтті.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.


СҰРАҚ-ЖАУАП

Шаһар басшысына медеулік тұрғындар тіс дәрігеріне қаралуды ең болмағанда Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғалар үшін қолжетімді ету жөнінде ұсыныс айтты.

«Әр емханада стоматологияны ұйымдастыру оңай емес. Біз кабинеттерді жабдықтау былай тұрсын, белгілі бір топтағы адамдарға тұрақты жұмысқа тіс дәрігерін жалдай алмаймыз. Әңгімелесуге тырысайық, бәлкім, біз барлық стоматологиялық институтқа Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды қолдау үшін қосымша тапсырыс береміз. Меніңше, олардың жалақысын төлеуге мүмкіндігіміз бар, олар ардагерлерге белгілі күндер мен сағаттарда қызмет көрсетеді. Мен жеке нұсқа беремін, оны бір айда анықтап, схемасын бере аламыз деп ойлаймын», – деді қала басшысы.

Бүгінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылар мен оларға теңестірілген тұлғалар, I, II, III топтағы мүгедектігі барлар, зейнеткерлер тек төтенше жағдайларда ғана тегін стоматологиялық көмек ала алады.

МЕДЕУ АУДАНЫ: САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



ӘКІМ НЕ ДЕДІ?

Шаһар басшысының аудан тұрғындарымен кездесуде айтылған ой-тұжырымдарынан:

- * «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы аясында Медеу ауданына 800 млн теңге қаражат бөлінеді.
- * Алматының жаңа Бас жоспары қабылданады, онда қала тынысын ашуға бағытталған барлық талаптар ескеріледі.
- * Алматылықтар үшін әлеуметтік карта енгізіледі, онда жергілікті бюджет есебінен қолдау қарастырылады.
- * Қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру аясында биыл Оқушылар сарайы мен Орталық мемлекеттік мұражай аумағындағы саябақтарды жаңғырту жұмыстары аяқталады.
- * Қала әкімі Хайуанаттар бағын тікелей өз бақылауына алуға уәде берді.
- * Ұялы байланыс пен интернет желісі мәселелерін шешу үшін қосымша құрылғылар орнатылады.
- * Аулалар ішінде құрылыс жүргізуге рұқсат берілмейді.
- * Алматының таулы аумақтарында құрылыс салуға тыйым салынады.
- * Электр самокаттары қозғалысын реттеуге қатысты ұсыныс әзірленіп жатыр.
- * Елебеков көшесіндегі тротуар жаңа оқу жылы басталарда жасалады.
- * Қала басшысы үй жануарларына жауапкершілікпен қарауға шақырды.
- * Келесі жылы Алматының барлық мектептеріне арнайы автобус бөлу жоспарда тұр.
- * Биыл Медеу ауданында 303 бейнебақылау камерасы орнатылады.



БӘРЕКЕЛДІ!

МҰХТАР ШАХАНОВ – ЕҢБЕК ЕРІ!



Ұлытаудың төріндегі Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы болмысы бөлек ұлтжанды ақын Мұхтар Шахановқа Қазақстанның Еңбек Ері атағын тапсырды. Табиғатынан шыншыл, ұлтжанды, адал ақын ұзақ жылғы еңбегі, халық алдындағы беделі ескеріліп, зор марапатқа ие болды. Бәрекелді дейміз!

Айнұр
СЕНБАЕВА

«Қазақ әдебиетін дамытуға қосқан зор үлесі үшін жазушы Мұхтар Шахановқа жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» бен «Отан» ордені тапсырылсын», делінген Жарлық мәтінінде.

Біз Мұхтар Шахановтың өлеңдерін жаттап өскен ұрпақпыз. Ақын ағаның поэзия әлемі – ұлттық құндылықтар әлемі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей,

Мұханның ұлт руханиятына сіңген еңбегі ерен. Күні кеше Қазақстанның Еңбек Ері атағы аса көрнекті тұлға, ұлт жүрегінен ойып тұрып орын алған композитор Шәмші Қалдаяқовқа берілген еді. Көп ұзамай біртуар сазгердің іні-досы Мұхтар Шаханов еліміздегі ең жоғары атаққа лайық деп танылды. Қос тұлғаның бірлескен шығармашылығынан туған әндер ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді.

Биыл Мұхтар Шаханов мерейлі 80 жасқа толады. Ақынның 80 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде атап өтілмек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алмас ТЕМІРБАЙ, ақын:

ҰЛЫЛАРДЫҢ КӨЗІ ТІРІСІНДЕ ҰЛЫҚТАЛҒАНЫНА НЕ ЖЕТСІН!

Ұлттық рухтың ұясы – Ұлытаудағы Ұлттық Құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 80 жасқа толғалы отырған сүйікті ақынымыз Мұхтар Шаханов ағамызға жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі Қазақстанның Еңбек Ері атағын беріпті. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер» демекші, ұлыларымызды көзі тірі кезінде ұлықтағанға не жетсін! Шыншыл ақын, ұлт жанашыры Мұхтар ағамызды мерейтойымен құттықтаймыз!

БІЛІМ

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС ТҮЛЕК!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕРЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ



(Басы 1-бетте)

Салтанатты іс-шараға, сондай-ақ, Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова, еңбек ардагерлері, үздік педагогтар қатысты.

Ашық аспан астындағы мерекелі кешті халықаралық «Бозторғай» байқауының жеңімпаздары «Қазақстаным» әнімен ашты.

Биыл қала мектептерін 12 мыңнан астам түлек бітірсе, олардың 605-і «Алтын белгі» иегері атанды.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев үлкен өмірге

қадам басқалы тұрған үздік түлектерге деген ізгі тілегін арнады, олардың жаңа қадамдарына табыс тіледі.

«Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер!

Сіздер балалық шақтың мекені алтын ұяларыңызбен қоштасып, жаңа өмірге қадам басқалы тұрсыздар. Осынау қуанышты сәтте баршаларыңызды шын жүректен құттықтаймын! Биылғы жылды Мемлекет басшысы Балалар жылы деп жариялады. Осынау тарихи

жылда үлкен өмірге қанат қаққалы тұрсыздар. Мен де осыдан отыз бес жыл бұрын дәл осындай қуанышқа толы сәтті басымнан кешкен едім. Осынау қуанышқа толы сәттеріңіз сіздерді әрдайым биіктерге бастай берсін!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дарынды жастармен кездескенде: «Қазіргі заман білім мен ғылымның дәуірі, әрбір талантты, еңбекқор адам осы заманның батыры және ұлт мақтанышы бола алады. Мен қазақ елінің жастарына

сенемін» деп үлкен сенім білдірген еді. Он бір жылғы білімнің белгісі – орта білім аттестатын биыл қала мектептерін бітірген 13 мыңнан астам түлек алса, олардың 574-і қаланың жалпы білім беру мектептерінен, 31-і республикалық білім ошақтарынан жүзден жүйрік шығып, «Алтын белгі» иегері атанып отыр. Ұлы Абай бабамыз «атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деп айтқандай, сіздерді болашақта жоғарғы білімді, білікті маман болып, қаламыздың өркендеуіне ла-

йықты үлес қосады деп сенеміз. Жолдарыңыз ашық, келешектеріңіз жарқын болсын!»,- деді шаһар басшысы.

Марапат иелері арасында республикалық, халықаралық олимпиада жеңімпаздары бар. Салтанатты мереке соңында мектеп бітірушілер Қазақ ұлттық опера және балет театры вокалистерінің музыкалық сүйемелдеуімен «Түлектер вальсін» биледі. Шара соңы мерекелік отшашуға ұласты.

Р.ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЖӨН ЕКЕН!

АЛАШТЫҢ АБЫРОЙЫ

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ФРАНЦИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ МАРАПАТЫНА ИЕ БОЛДЫ

Қазақстанның Еңбек Ері, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті түрколог, «Невада–Семей» қоғамдық антиядролық қозғалысының негізін қалаушы, қазақтың әлемге әйгілі ақыны Олжас Сүлейменов «Құрмет легионы» орденімен марапатталды.

Олжас Омарұлына жоғары марапатты Францияның Қазақстан Республикасындағы елшісі Дидье Канесс мырза табыс етті. Салтанатты шараға құрметті қонақ ретінде Француз Республикасының бас консулы Алексис Шахтагинский, Олжас Сүлейменовтің отбасы мүшелері, Қазақстанның көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлері, қоғам мен БАҚ өкілдері қатысты.

«Құрметті Олжас аға, бүгін Сізге «Құрмет легионы» орденін табыс ету үшін келгеніме өте қуаныштымын. «Құрмет легионы» ұлттық орденінің ұлы магистрі, Франция президенті Эмманюэль Макрон Жарлыққа 2022 жылдың 7 наурызында қол қойды», – деді Дидье Канесс.

Франция елшісі ақынның еңбегін ерекше атап өте келе: «Сіз сөзсіз қазіргі Қазақстан мәдениетінің көрнекті тұлғасысыз, белгілі ақын, жазушысыз. Сіз сондай-ақ, бейбітшілікті сақтауға, гуманитарлық құндылықтарды ілгерілетуге және қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлес қостыңыз. Сіз «қайта құру» кезеңінің көшбасшыларының бірі болдыңыз. Сіз Қазақстанның елшісі болдыңыз және



әлі де Франциядағы қазақстандықтар Қауымдастығының құрметті президенті болып келесіз», – деді.

Өз кезегінде Олжас Омарұлы Франция Президенті мен Дидье Канесс мырзаға ризашылығын білдіре отырып:

– Мен осы жарлыққа қол қойған Франция президенті Эмманюэль Макронға құрмет пен алғысымды білдіргім келеді. Бүгін мен жоғары дәрежелі орденмен марапатталдым. Менің жолдастарым әдетте ордендерімді таппайтындығын біледі, бірақ бұл «Құрмет легионы» ордені – ерекше мәртебе. Мен Дидье Канесс мырзаның қолынан бұл марапатты үлкен мақтанышпен және алғыспен

қабылдаймын. Осы құрмет үшін алғыс айтып, бүкіл Францияға сәттілік тілеймін», – деді.

Олжас Омарұлы Сүлейменов 1936 жылы 18 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Олжас Сүлейменов кадрлық әскерилердің алғашқы буынының отбасынан шыққан. Оның әкесі – Бірінші Қазақ кавалериялық полкінің офицері болған. Сталиндік қуғын-сүргін Сүлейменовтер отбасын да айналып өтпейді. Олжас бір жасқа толғанда әкесі Омар сол кездегі Қызыл Армияның басшылық құрамының үздік өкілдерінің көбі сияқты атылып кете барады. «Халық жауының» баласы атанып, қиын балалық шақты басынан өткерген ол кейіннен биология ғылымын зерттеуге ден қоя бастайды.

Олжас 1954 жылы Мәншүк Мәметова атындағы №28 орта мектепті аяқтаған соң, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Геологиялық барлау факультетіне оқуға түседі. Алайда, ақындық қасиет оны өзінің өмір жолын қайта қарастыруға: инженер-геолог дипломын ысырып қоюға мәжбүрлейді. Ол 1958 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы



Әдебиет институтының Жоғары әдебиет курстарына оқуға түседі. Ақын 25 жасында Юрий Гагариннің алғаш ғарышқа ұшуына арнап «Адамға табын, Жер енді!» поэмасын жазды. Совет поэзиясының үздік шығармалары қатарына енген ақын шығармасы О.Сүлейменовке кең танымалдылық әкелді.

Ақын шығармалары Францияда үнемі жарияланып тұрды. 1981 жылы «Отты трансформациялау» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Ал 1989 жылы «қайта құрудан» туындаған өзгерістердің арқасында Олжас Сүлейменов қоршаған ортаны қорғауда азаматтық қоғамның белсендісі ретінде нағыз халықаралық танымалдылыққа ие болды. «Невада–Семей» қозғалысы аясында Олжас Омарұлы рекордтық мерзімде Ядролық сынақтарға қарсы миллионнан астам қол жинай алды. Бір жылдан кейін Семей ядролық полигоны жабылды. Соны-

мен қатар, қоғам қайраткері Арал теңізіндегі экологиялық апатқа халықаралық белсенділердің назарын аударды. Олжас Сүлейменов әдеби және экологиялық қызметтен басқа дипломатиялық қызметті де атқарды. Қазақстанның Италиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, сондай-ақ Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы Тұрақты өкілі болды.

• Құрметті Легион ордені – француздардың ұлттық ордені, оны Наполеон Бонапарт 1802 жылы 19 мамырда рыцарлық ордендердің үлгісі бойынша бекіткен. Орденнің иесі атану – Франциядағы ерекше еңбектерінің ескерілуі, ең жоғарғы белгі, құрмет және ресми мойындалу. Орден мүшелерін қабылдауды Орденнің ұлы магистрі болып саналатын Франция Республикасының Президенті жүзеге асырады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ФОРУМ

МЫҢ БОЯУЛЫ АЛМАТЫ

Шаһардың сәулет бейнесіне конкурс жарияланады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Қазақстанның қала салушылар одағы ұйымдастырған XVII қала құрылысы форумына қатысты.

Шаһар басшысы қаланың даму жоспарына жаңадан қосылған аумақтар мен Алматының жаңа аудандарын құру мәселесіне үлкен түзетулер енгізілгенін айтты.

«Қала өте тез өсті, сондықтан мегаполис пен оның тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін шұғыл шешімдер қабылдау керек болды. Оның үстіне, бір миллион адамға ғана есептелген Алматы соңғы жылдары үйлесімсіз өсті. Біз бүгін даму барысында ізденістер үстіндеміз. Қала қалай дамығаны жөн, осыны анықтау қажет. Әр қала өзінің даму жолын тандайды. Алдын ала айтарым, алдағы дүйсенбіде қалаға қатысты маңызды шешімдер қабылдайтын мәслихат отырысы өтетін болады. Бұл – құрылыс ережелерін өзгерту және қаланың қала құрылысы кезеңін қайтару туралы шешімдер»,

Қалабасының айтуынша, креативті экономиканы дамыту рейтингі бойынша оңтүстік ме-

гаполис елімізде көшбасшы позицияға ие.

«Алматы тұрғындары өте дарынды. 2023 жылдан бастап сәулет бейнесіне конкурс жарияланады. Біз енді бір нұсқаны қабылдамаймыз. Қала ең жақсы жобаларды таңдауға құқылы болады. Бізде компаниялар үшін жобалары бар жер аукциондары ұйымдастырылады. Ең жақсы жобаны кім ұсынады, қала соған артықшылық береді. Біз жобаны мақсатты түрде алғымыз келеді. Оның үстіне, мен жеке инвестициялардың рөлін арттыруды қалаймын, сондықтан жеке меншік иелері қалаға, елге ғана емес, өздері үшін де қалатын активті алғысы немесе салғысы келеді», – деді қала әкімі.

Ерболат Досаев Алматы бұрын салынған сәулет жетістіктерімен өмір сүріп жатқанын айтты. Олар әрленеді, ретке келтіріледі.

«Шын мәнінде, жаңа Алматының, Жаңа Қазақстанның символына айналған нәрселер



саусақпен санарлықтай ғана. Мен қалада олардың көп болғанын қалаймын. Ол үшін біз барлық жағдай жасаймыз, тұрғын үй құрылысының шекарасын нақты бөлуіміз керек. Сондай-ақ «қала архитектурасы деген не және тұрғын үймен қамтамасыз ету түріндегі әлеу-

меттік проблемаларды шешу деген не?» деген мәселеге көңіл бөлген жөн. Бас жоспарға сәйкес қала үшін жарғы немесе кодекс болуы тиіс және оны қатаң сақтау керек. Сіздер жасаған барлық нәрсе бір жылға емес, он жылға, ұрпаққа арналған. Біз Еуропаға барғанда,

ондағы салынған құрылыстарды көріп таңқаламыз әрі сөз етеміз. Мен Алматы туралы да осындай сөздердің айтылғанын қалаймын», – деді шаһар басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



АТАУЛЫ КҮН

АЛДА – ОЛИМПИАДА КҮНІ

Қазақстанның бес өңірінде ел бірлігін білдіретін мерекелік эстафета өтеді

Қазақстанда Халықаралық Олимпиада күні жоғары дәрежеде аталып өтіледі. Ұлттық Олимпиада комитеті маусым бойы дәстүрлі түрде әртүрлі спорттық акциялар өткізуді жоспарлап отыр.

Бес олимпиадалық сақина бес құрлықты бейнелейтіндей Қазақстанның бес өңірінде ел бірлігін білдіретін мерекелік эстафета өтеді. Айтылған іс-шара олимпиадалық қозғалысты халық арасында өрбіту және дамыту мақсатында ұйымдастырылады. Биыл елімізде Олимпиада күні 29-шы рет тойланады. Атаулы күні дәстүрлі түрде «Үздіктер чемпион болады – бәрінің дені сау болады!» деген мерекелік ұран қолданылады. Қазақстанның ҰОК 2022 жылғы Олимпиада күнін жаңа облыс орталықтарында атап өтпекші. Атап айтқанда, Түркістан (Түркістан облысы), Семей (Абай облысы), Жезқазған (Ұлытау облысы), Қонаев (Алматы облысы).

Түркістанда жастар арасында бокстан халықаралық турнирдің жартылай финалдық кездесулері, сондай-ақ күрес, таэквондо, үстел теннисі және көркем гимнастика бойынша ашық көрсетілімдер өтуде. Қазақстанның атақты олимпиадашылары жас спортшыларға шеберлік сабақтарын өткізіп, тәжірибелерімен бөлісіп жатыр. 21 маусымда Семей қаласында күрес түрлері бойынша көрсетілім жаттығулар болады, ал



Қонаев қаласында балалар арасында жекпе-жек және жүгіру жарыстары өтеді. Жезқазған қаласында 23 маусым күні «Металлург» стадионында 3x3 баскетбол, футбол, таэквондо (WT), каратэ және бокс бойынша көрсетілімдер өтеді.

23 маусымда Олимпиада күнінің эстафетасы елордада аяқталады – Приатлон паркінде баскетбол, текбол және үстел теннисінен көпшілікке арналған сайыстар және дзюдо мен таэквондодан көрсетілім жаттығулары болады. Сонымен қатар, қалыптасқан дәстүр бойынша ҰОК мен спортшылар осы күні елімізде туылған сәбилерді құттықтап, оларға сыйлықтар мен ізгі тілектері бар хаттар табыстайды.

Айта кеткен жөн, Халықаралық олимпиада күні қарсаңында әлеуметтік желілерде ҰОК ұйымдастырған сайыстар басталды. Олимпиада комитетінің Instagram-дағы ресми парақшасында #TeamKZSports

бейне-байқауы өтуде. Байқау ережелері бойынша қатысушылар өзінің сүйікті спорт түрінің атмосферасын креативті бейнежазба арқылы көрсетіп, #TeamKZSports хэштегімен әлеуметтік желіге шығаруы тиіс.

Сондай-ақ, Tik-Tok желісінде #HovesportKZ тренді басталды. Оның ережесі бойынша қатысушылар спортқа деген сүйіспеншілігін «Tell me you love sport without actually telling me you love sport» (аудармасы: спортты жақсы көретіндігіңізді айтпай, спортты жақсы көретіндігіңізді білдіріңіз) арнайы дыбысымен көрсетуі керек. Үздік роликтердің авторлары Қазақстан ҰОК-нің бағалы сыйлықтарына ие болады. Атап айтқанда, ҚР ҰОК брендтелген өнімдер жиынтығы, ақылды фитнес-білезік, ұлттық құрама мүшелерінің жылы тілектері жазылған қолтаңба беріледі. Байқау жұмыстарын қабылдау 20 маусымға дейін жалғасады.

АУЫР АТЛЕТИКА

БІРІНШІ ОРЫНДАМЫЗ!

Денис Полубояринов 81 келіге дейінгі жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында алтын медаль жеңіп алды.

Қоссайыс қорытындысында біздің спортшы 323 келі (143+180) нәтиже көрсетіп, ең жақын қарсыласы итальяндық Жакопо Фальсиноттиді (132+161) 30 килограмға басып озды. Қола медальға мексикалық спортшы Иван Баррера (119+161) ие болды.

Надежда Ли біздің құрама қоржынын Мексикада (Леон) өтіп жатқан ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының күміс медалімен толықтырды. 64 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен 15 жастағы спортшы қоссайыс нәтижесі бойыншы 190 (82+105) келі көтерді. Жалпы есепте 211 (94+117) келіні басынан асырған колумбиялық зілтемірші Ингрид Сегура чемпион атанды. Үздік үштікті Венесуэладан келген Кайли Сильва 187 (84+103) келі нәтижемен түйіндеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан әлем чемпионатының турнирлік кестесінде бірінші орында тұр. Біздің құраманың қоржынында 9 алтын, 3 күміс және 6 қола медаль бар.

ПАРАПАУЭРЛИФТИНГ

ДАВИД ДЕГТЯРЕВ АЛТЫН МЕДАЛЬ АЛДЫ

Оңтүстік Кореяда қазақстандық Давид Дегтярев парапауэрлифтинг бойынша Азия мен Океанияның ашық чемпионатында алтын медаль жеңіп алды.

54 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қазақстандық спортшы 180 келіні бағындырды. Екінші орынға Қытайдан келген спортшы (176 келі), ал үшінші орынға вьетнамдық (172 келі) спортшы жайғасты. Давид Дегтярев – XVI жазғы Паралимпиада ойындарының жеңімпазы, әлем чемпионы, халықаралық жарыстардың жүлдегері және Азия рекордшысы.

Сонымен қатар, әйелдер арасындағы кездесуде Гүлбану Әбдіхалықова 78 келі, Фариза Тулжан 85 келі салмақ дәрежесінде жеңіске жетіп, өз салмақ дәрежесінде үшінші орынға ие болды. Ал жасөспірімдер арасында Максим Тен (126 кг) және Валерия Смирнова (52 кг) алтын алды.

22 елден келген 180-нен астам спортшы 15–20 маусым аралығында Пхентхэк қаласында өтетін жарыстарға қатысады. Ел намысын 18 спортшы қорғайды.

СЕМСЕРЛЕСУ

Халықаралық жарыста Қазақстан әйелдер құрамасы семсерлесуден қола жүлдеге ие болды.

ҚОЛА ЖҮЛДЕ


Семсерлесуден Оңтүстік Корея астанасы Сеулде өткен Азия чемпионатының командалық сайысының соңғы күні Қазақстан әйелдер құрамасы жүлделі болды.

Құрама сапында Қазақстан атынан Әйгерім Сарыбай, Карина Доспай, Татьяна Приходько және Анастасия Гулик өнер көрсетті.

ФУТБОЛ

КАПИТАН АУЫСТЫ

«Қайрат» футбол клубы Польша құрамасының жартылай қорғаушысы Яцек Гуральскийдің клубтан кететіні туралы хабарлады.



Яцек «Қайрат» құрамына 2020 жылдың қаңтарында қосылды. Содан бері Польша құрамасының хавбегі алматылық команда атынан 37 матч өткізді. Оның ішінде УЕФА Конференция Лигасының топтық кезеңінде аясында төрт ойында өнер көрсетті. Сондай-ақ, Польша ойыншысы «Қайрат» сапында 2020 жылы Қазақстан чемпионатының алтын медалін және бір жылдан кейін ел Кубогын жеңіп алды. Ағымдағы маусымда Гуральский сегіз матчқа қатысып, алматылық команданың капитаны болған.

— «Қайрат» жанкүйерлеріне сәлем! Әрқашан қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтқым келеді. Мен алматылық команда сапында болға-



ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІ

Анна Данилина тағы бір еуропалық сайыстың финалына шықты, ал Америкада Бейбіт Жұқаев пен Денис Евсеев ширек финалда өзара бақ сынасады.

Испания астанасы Мадрид қаласында өтіп жатқан ITF W60 сериясының турнирінде қазақстандық ракетка шебері Анна Данилина ресейлік Анастасия Тихоновамен бірге жұптық сайыстың финалына шықты. Қазақстандық-ресейлік дуэт ширек финалда Болгариядан келген апалы-сінділі Каратанчевтерді 6:3, 6:1 есебімен жеңді. Ал жартылай финалда үш сәтті жалпы есебімен Тимея Бабош және Валерия Савиных жұбынан басым түсті – 6:4, 3:6, 10:8. Енді шешуші сайыста Анна мен Анастасия күншығыс елдерінің дуэті – Лу Цзя Цин (Қытай) мен Ю Сюди (Жапония) жұбына қарсы ойнайды.

Айта кеткен жөн, қазақстандық теннисші соңғы 10 күнде екінші финалда өнер көрсетпек. Бұған дейін отандасымыз Францияда жұптық жарыстағы 25-ші жүлдесіне қол жеткізген. Қазіргі уақытта Данилина WTA рейтингінің жұптық разрядының 21-ші қатарында тұр. Бұл – қазақстандық теннисшілер арасында ең үздік нәтиже.

Өкінішке орай, Андрей Голубев пен Григорий Ломакин жұптық сайыста жарыс жолынан шығып қалды.

АҚШ-тың Уичито қаласында жүлде қоры 25 мың долларды құрайтын ITF сериясының турнирі өтіп жатыр. Жарыстың ширек финалында қазақстандық ракетка шеберлері Денис Евсеев пен Бейбіт Жұқаев өзара бақ сынады. Бұған дейін Евсеев американдық Райан Шейнмен кездесіп, оны 1 сағат 25 минутқа созылған екі партияда 6:4, 7:5 есебімен жеңген. Ал Бейбіт тағы бір американдық теннисші Ноа Шахтерден 6:4, 6:2 есебімен басым түскен. Енді екі спортымыз жеке сайыстың ширек финалында «Қазақстандық дербиде» кездеседі.

Айта кеткен жөн, Евсеев пен Жұқаев осы турнирдің жұптық сайысына бірге шығып, турнирдің жартылай финалына өтті. Ширек финалда қазақстандықтар Дэвид Фокс (Ұлыбритания) пен Сюити Секигүтиді (Жапония) жеңді – 6:3, 6:2.



Құрлық біріншілігінің ширек финалы тартысты өтті. Отандастарымыз Гонконг спортшыларынан 45:43 есебімен басым түсті.

Жартылай финалдық кездесуде қазақстандықтар семсершілер Оңтүстік Корея құрамасына 35:45 есебімен есе жіберіп, турнирді қола медальмен аяқтады.

ныма өте қуаныштымын! Келесі ойындарда сәттілік тілеймін,– деп Яцек әлеуметтік желілерде быстық лебізін білдірді.

Айта кеткен жөн, Конференция Лигасының екінші іріктеу кезеңінде «Қайраттың» қарсыластары белгілі болды. УЕФА ресми сайтында айтылған турнирдің 2022–2023 жылғы екінші іріктеу кезеңінің жеребе нәтижесін жариялады. Алматылық клуб үшінші топқа түсті. «Қайратқа» қарсылас болуы мүмкін командалар қатарында «Коньяспор» (Түркия), «Зиря» (Әзербайжан), «Арат-Армения» (Армения), «Кишвард» (Венгрия), «Влазния» (Албания) клубтары бар.

Айта кеткен жөн, Конференция Лигасының екінші іріктеу кезеңінің алғашқы ойындары 21 шілдеде, ал қарымта ойындары 28 шілдеде өтеді.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ТӘЖІРИБЕ

ЗАМАНАУИ ӘДІС

жүректі уақытша тоқтатып қойып, ем жасай береді

Қазақстандық мамандар Франциядан келген перфузиолог-дәрігерлерден дәріс алды. Нақтырақ айтсақ, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында «Перфузия және жасанды қанайналым саласындағы инновациялар» тақырыбында перфузиолог-мамандарға арналған семинар және шеберлік сабағы өтті.

Аутотрансфузияны клиникалық қолданудың тереңдетілген курсын Еуропада перфузия және жасанды қанайналым саласындағы жетекші маман, Франциядан келген профессор, доктор Юсеф Эль Дзуки (Youssef El Dsouki) өткізді. Оған Алматы, Абай қалалары мен Ақмола, Қостанай, СКО, БҚО және еліміздің басқа өңірлерінің медициналық ЖОО, ғылыми орталықтарының, облыстық және қалалық орталық және көпбейінді ауруханалары мен кардиоорталықтарының, сондай-ақ жеке медицина клиникаларының перфузиологтары қатысты. Шеберлік сабақ шеңберінде қатысушылар перфузия және аутотрансфузия саласындағы инновациялық технологиялармен танысты. Перфузиологтар жақсы нәтижелерге әкелетін, тексеруден өткен әдістердің көмегімен кардиохирургиялық операциялар жасау кезінде жасанды қанайналым және қанды басқарып тұрудың ең жоғарғы стандарттарын қалай қолдану керектігін үйренді.

Семинар барысында алынған білімдерін перфузиолог-дәрігерлер алдағы уақытта практикалық жұмысында пайдаланатын болады. «Біз дәрігерлердің кәсіби өсуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасаймыз. Әр маман үнемі жаңа білім мен дағдыларды меңгеріп, медицина саласындағы инновациялар туралы хабардар болуы тиіс. Біздің мамандар жақын және алыс шетелде үнемі біліктілігін арттырып отырады, пациенттер сапалы, уақытылы және білікті көмек алуы үшін әріптестерімен тәжірибе алмасады», – дейді Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ Басқарма төрағасы Роза Қуанышбекова.

Оның айтуынша, қазіргі таңда жүрекке жасалатын ауыр операциялар перфузиологсыз жасалмайды. Перфузиолог – барлық өмірлік маңызды органдардың онтайлы қанайналымын бақылайтын дәрігерлердің кардиохирургиялық тобының «жүрегі».

Мамандардың айтуынша, көптеген жыл



бойы қанайналым ағзаларының аурулары өлім-жітімнің негізгі себебі болып келеді. Профилактика жүргізу, уақытылы диагностикалау, емдеудің жоғары технологиялық әдістерін енгізу, оның ішінде ашық жүрекке операция жасау пациенттердің денсаулығын сақтауға, олардың өмір сүру ұзақтығын арттыруға мүмкіндік береді. Кардиохирургиялық араласулардың көпшілігін орындау кезінде жасанды қанайналым жүргізіледі.

«Перфузиолог-дәрігер ашық кардиохирургиялық операциялар кезінде пациенттің

жүрегін тоқтатады және қайта қосады. Ол жасанды қанайналым аппаратының қалай жұмыс істейтінін бақылап тұрады, осының арқасында пациенттің жүрегі уақытша тоқтатылып, өкпесі тыныс алмаған кезде қан пациенттің ағзасы бойынша айналып тұрады. Операция жасалып жатқан кезде науқастың жүрек соғысы мен тыныс алу функциялары оның ағзасынан тыс шығарылады», – дейді ФЗИ жасанды қанайналым зертханасы бар кардиохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Рүстем Төлеутаев.

ӨНЕГЕЛІ ҰЖЫМ

Алматының шығыс жағындағы Түрксіб ауданына қарасты «Жас қанат» ықшамауданы жылдар өткен сайын қанатын кеңге жайып келеді. Осындағы №28 емхана 2016 жылы ашылған кезде жаңа ықшамауданнан тұрақ тапқан халық саны 8 мыңдай ғана болыпты. Бүгінде өсіп-өнген тұрғындар қарасы 32000-ға жуықтаған, яғни төрт есе өскен.

ХАЛЫҚ ТА КӨБЕЙДІ, ТАЛАП ТА КҮШЕЙДІ

Айналасы абаттандырылып, көкжелегі көз тартар емхана ауласы бір босаған емес. Жолдың екі жағына орналасқан 5 және 9 қабатты зәулім үйлерді мекен еткен аналарға да, балаларға да бұйырғаны – осы емхана. Таңнан кешке дейін тыным таппайтын ақ халатты абзал жандардың еңбегі еленетін кәсіби мереке қарсаңында осында атбасын тіредік. Емхананың бас медбикесі Әлия Ибраева:

– Бұл ықшамаудан салына бастаған кезде көлік қатынасы әлі қалыптаспаған әрі жол да нашар болатын. Екі шақырымдай жаяу жүріп, жұмысымызға кірісіп кететінбіз. Бүгінде қаланың әр тұсынан ағылған бірнеше автобус таяқтастам жердегі аялдамаға демде жеткізеді. Уақыт өте келе халық та көбейді, талап та күшейді. Алдымызға келген жанға ең алдымен керегі – мейірім, жылы қабақ және сапалы қызмет. Сонда ғана ем ишталы болмақ, – дейді.

Емхана ісінде бас дәрігердің орынбасарлары Қарлығаш Байысбаева мен Меруерт Көшенева біліктілік мәселесін жіті назарда ұстап келеді. Тәжірибелі терапевтер Әлімжан Разов, Гүлмира Ескендірова, акушерлер Риза Оспанғалиева, Нұрғүл Байтанаева, медбикелер Қуаныш Мейірманова, Раушан Атамқұлова, Сәулетхан Алишарова, рентген-лаборант Ұлбосын Коровкова жас мамандарды тәлімгерлік қамқорлығына алып жүргені де көңіл қуантады.

– Ұйымшыл ұжымымызға басшылық етіп жүрген Айдар Солтанғазиев озық тәжірибесін ортаға салар озаттармен жиын-кеңестер мен флешмобтар ұйымдастыруға да көңіл бөліп, халыққа таныстырып тұруды білкті мамандарымызға тапсырған. Ұчаскелік дәрігерлер мен медбикелеріміз сырқат жандардың жай-күйін жіті бақылап отырады. Әр салалық жетекшілеріміз емхана құрал-жабдықтарының қалыпты жұмыс істеуін жіті қадағалап тұрады, – дейді ем-шара медбикесі Қ.Мейірманова.

Осы орайда, «Жас қанатқа» жалғасып жатқан «Қайрат» ықшамауданы маңына тағы бір емхана салынса деген тілегімізді де жеткізгіміз келеді.

ДЕНСАУЛЫҚ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗ

20 маусымда «Алматы-2» теміржол вокзалынан «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы еліміздің шалғай станциялары мен жақын жердегі ауылдардың тұрғындарына тегін медициналық көмек көрсету үшін жолға шығады. Пойыз ең алдымен Алматы облысының «Байсерке» станциясына барады.

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы арнайы жабдықталған дизель-генератор вагоны, 4 медициналық вагон, 1 конференц-зал және мейрамхана, 2 купе вагон секілді 8 мамандандырылған вагоннан тұрады. Дизель-генератор вагоны қажет болған жағдайда шағын елдімекенді электр энергиясымен қамтамасыз ете алады. Халық үшін маңызды қызмет тұрғындарға сапалы медициналық көмек алуға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

ЛЕБІЗ

АНАЛЫҚ АЛҒЫСЫМДЫ БІЛДІРЕМІН!

Күнделікті күйбің тіршілікпен кейде көп нәрсені байқай бермейміз. Қоғамда жаратқан иемізден кейін, дертімізге дауа болып, жанымызды арашалап қалатын абзал жандардың жанкешті еңбегін көріп, сезінген кезде мен осындай ойға келемін.

Адам жас кезінде денсаулықтың кәдірін бағалай бермейді ғой. Ал жылдар өтіп, жасың келген сайын ауруханаға бас сұғып, дәрігерлердің шипасын алып, алақанының қуатын сезінетін кездер көп болып жатады.

Өзімнің сүйікті «Almaty aqshamy» газетім арқылы адам жанының арашашысы болған осынау мәртебелі мамандық иелерін алдағы төл мерекелерімен құттықтағым келеді. Өзінің нағыз маманы болған кісілердің адамгершілігі мен саусағынан дарыған қасиетті сезінген жан ретінде алғысымды білдірсем деп едім. Талай жанның алғысын аркалап, абырой биігінен көрініп жүрген Түрксіб ауданына қарасты №24 емхана басшысы Гүлжиян Қалиқызы, №32 емхананың бас дәрігері Әнуар Бұйрашев бастаған мекеме дәрігерлеріне, жалпы ұжымға аналық алғысымды білдіремін!

К.АЙДАРҚҰЛОВА,
қала тұрғыны.



дәрігер, медицина ғылымының докторы, профессор Татьяна Нуриденқызына, Жаксылық Тұрғаналыұлына, Данияр Қанатұлына, Гүлмира Айғалиқызына және көрген сайын ыстық ықыласымен қарсы алатын жүрегі алтын, жүзі жарқын, адамдығы ерекше Бақыт Самылтырқызына, мейіркелер – Шырын Надиярқызына, Айгүл Маратқызына алғыстан басқа айтарым жоқ. Сіздерге еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін!

Сәуле АМАНТАЙҚЫЗЫ,
зейнеткер.

ОҚИҒА

КӨЛІК АПАТЫ

жүрек ырғағының қалпына келуіне әсер етті

Сол күні алматылық Дмитрий өзін жайсыз сезініп, терлеп ояңды. Бүкіл бойынан әлсіздік сезінгенімен, мән бере қоймады. Екі стакан қою кофе ішіп еді, құсып тастады. Оған да аса ден қоймады. Көлігіне отырып, жұмысына шығып кетті. Одан арғысы есінде жоқ. №4 қалалық клиникалық аурухананың жансақтау бөлімінде бір-ақ есін жиды.

Ол Жұмабаев пен Сейфуллин көшелерінің қиылысында көлігімен автобуска соғылғанын дәрігерлерден естіген. Бақытқа орай, зардап шеккендер жоқ. Дәрігерлердің айтуынша, Дмитрий Синякин жол үстінде келе жатып инфаркт алып, көлігін басқара алмай, есінен танып, автобуска соғылғанда, кеудесі көлігінің роліне қатты жаншылып, жүрекке механикалық массаж жасалған екен. Содан аман қалыпты. Автобус жүргізушісі жедел

жәрдем шақырып, оны көлігінен шығарып алып, бетіне су бүркіп, алғашқы медициналық көмек көрсеткен.

№4 қалалық клиникалық аурухананың рентген-эндоваскулярлық хирургия және кардиология бөлімшесінің меңгерушісі Асқар Нарынбаев оқыс оқиғаны бірегей деп бағалап отыр.

– Науқас бізге өте ауыр жағдайда түсті. Оны қабылдау бөліміне

кіргізбей, бірден рентген-эндоваскулярлық хирургияның ота жасау бөліміне жеткізді. «Оң жақ коронарлық артерияның жедел тромбозы» деген диагноз қойылды. Артерия тромбоздық массалармен жабылды, біз ангиопластика, тромб аспирациясын жасап, қан ағымын қалпына келтірдік, содан кейін стент қойдық. Науқаста коронарлық қан ағымы толық қалпына келді. Пациент автобуска соғылып, кеуде тұсынан соққы алғанда, сол қатты соққы жүрек ырғағының қалпына келуіне әсер еткен. Бұл біздің тілде механикалық кардиоверсия деп аталады, – дейді ол.

Жол-көлік апатының да осылайша адам өмірін сақтап қалғаны шынымен де бірегей оқиға болды.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 18 маусымдағы 2/115-260 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2020 жылғы 26 маусымдағы №16 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Төле би көшесін ұзарту үшін Алматы қаласының Әуезов және Наурызбай аудандарындағы Төле би көшесінің бойында, Яссауи көшесінен қала шекарасына дейін орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 26 маусымына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 18 маусымдағы 2/115-260 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі				
Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Хамитов Нурбек	20-312-043-206	«Ақсай-3 Б» шағынауданы, 38/3 ғимарат	0,1469
2	Маликова Анара Ернарвна	20-312-043-257	«Достық» шағынауданы, Каргалы тар көшесі, 37	Жалпы – 1,1967 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3253
3	Зияханов Мухтар Умирзакович	20-312-043-270	«Алтын бесік» шағынауданы, 111	Жалпы – 0,0617 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0085
4	Камелова Зауре Кадыловна	20-312-043-303	«Алтын бесік» шағынауданы, 247	Жалпы – 0,0694 иеліктен шығарылатын ауданы –0,0043
5	Зиявдинова Зухра, Турдиева Сәждем Молутжановна, Зиявдинов Арманжан Молутжанович, Зиявдинова Мариям Молутжановна, Самандарова Гульминия Молутжановна, Зиявдинова Зульфия	20-312-043-335	«Достық» шағынауданы, Аймусин көшесі, 2/5	Жалпы – 0,0971 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0089
6	«КОРПОРАЦИЯ САНА-ОЙ ИНВЕСТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-043-489	«Ақсай-3 Б» шағынауданы, 38/4	Жалпы – 0,1612 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0053
7	Жабжанова Адеми Саяхатовна	20-322-043-504	«Алтын бесік» шағынауданы, Әнет баба көшесі, 40	Жалпы – 0,0503 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0059
8	Мухтаров Сайпидин Камалдинович	20-312-043-510	«Достық» шағынауданы, Аймусин көшесі, 1 Д	Жалпы – 0,0389 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0035
9	Сопбеков Мұрат Мәкбайұлы	20-312-043-543	«Алтын бесік» шағынауданы, Тоқпанов көшесі, 33	0,0994
10	Дюсупова Галия Кайненовна	20-322-004-013	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 34	0,0598
11	Сакиев Махмутжан Пурдусович, Сакиева Альфия Габдрашитовна	20-322-004-014	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 35	0,0812
12	Манапов Данеш Такшетович	20-322-004-015	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 29	0,0820
13	Нуртазина Ақмарал Осеровна	20-322-004-030	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 15	0,0563
14	Бекжанова Бибиамал Қуандықовна	20-322-004-077	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 54	0,0748
15	Касымбаев Едіге Абилғажыевич	20-322-004-142	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 45	0,0593
16	Сакижанова Асель Камалиденовна, Дробязко Сергей Сергеевич	20-322-004-181	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 26	0,0618
17	Копбосынова Хинуар Сайлаубасевна	20-322-004-261	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 30	0,0700
18	Кушеров Адилбай Ахманович	20-322-004-295	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 27	0,0654
19	Бакажанов Муратбек Сейтбекович	20-322-004-299	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 33	0,0666
20	Шалғымбаев Бауыржан Жорабаевич	20-322-004-309	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 13	0,0530
21	Исбаев Дәулет Туленович	20-322-004-310	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 65	Жалпы – 0,0739 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0053
22	Жағебаев Еркін Сериккалиевич	20-322-004-326	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 39	0,0597
23	Смағұл Асылбек	20-322-004-337	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 41	0,0606
24	Яхьянова Гулжахрам Рахматуллаевна	20-322-004-376	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 20	0,0419
25	Ахметова Алмагүл Шарипақыновна	20-322-004-391	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 9	Жалпы – 0,0676 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0119
26	Тасыбаева Кульзайнат Черимовна	20-322-004-442	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 28	0,0530
27	Шамшиев Нурсултан Равкатулы	20-322-004-465	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 31	0,0561

28	Ақпарова Айнур Сериковна	20-322-004-474	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 11 А	0,0553
29	Сембаева Көркем Мухамедияровна	20-322-004-488	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 25	0,0377
30	Джуанышев Амантай Кашкинбайович	20-322-004-499	Төле би көшесі, 308/53	0,0704
31	Маркенбаев Азамат Жұматаевич	20-322-004-500	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 1/3	0,1000
32	Каджахметов Муратбек Нурахметович, Сақимбекова Советхан Абильевна	20-322-004-503	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 2 А	0,0862
33	Сейлханова Гуляйм	20-322-004-507	Төле би көшесі, 308/48	0,0700
34	Даубаева Бибижамал Серикбаевна	20-322-004-511	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 2/8	0,0752
35	Аймаков Гани Есмаганбетович	20-322-004-514	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 2	0,1000
36	Адилханова Галия Еркеновна	20-322-004-518	Төле би көшесі, 308/49	0,0359
37	Джолдасов Нурлан Сахиевич	20-322-004-536	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 3	0,0642
38	Бектенов Алдияр Даниярович	20-322-004-544	Төле би көшесі, 308/63	Жалпы – 0,1186 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0207
39	Зайналова Рашидам Набивна	20-322-004-552	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 27	0,0436
40	Абдраимова Динара Муратовна	20-322-004-568	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 31	0,0610
41	Ерназаров Мухаммед Ануарбекович	20-322-004-571	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 1 А	0,1022
42	Купешева Айсул Умирзаковна	20-322-004-572	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 15	0,0646
43	Байқошқарова Бердибала	20-322-004-584	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 33	0,0873
44	Борбасова Шынар Сайыновна	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А	0,0400
45	Мукашева Ақмарал Тутинбаевна	20-322-004-593	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3/1	0,0530
46	Алипов Нурбек Медеубекович, Ни Елена Петровна	20-322-004-607	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 9	0,0752
47	Тутебаев Бағдат Орынбасевич	20-322-004-707	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы көшесі, 5	0,0542
48	Казмукашева Баян Нурбергеновна	20-322-004-730	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 12 А	0,0600
49	Жұмабайқызы Ұлбике, Тасқынбаев Арман Мырзахметович	20-322-004-743	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 19	0,0800
50	Бухарбаева Мариям Усенбаевна	20-322-004-751	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 7/1	0,1000
51	Бриткин Александр Владимирович	20-322-004-752	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 7/2	0,0843
52	Жұбаев Мұхтар Турғалиевич	20-322-004-753	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 2/2	0,0800
53	Қурманов Болат Рахметович	20-322-004-830	Төле би көшесі, 308/3	0,0800
54	Даркулова Назым Шаяхметқызы	20-322-004-831	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 12 учаске	0,0578
55	Нұрымов Орынбай Коптилеуович	20-322-004-832	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 2 учаске	0,0800
56	Джақабаев Хожабай Омарович	20-322-004-833	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 7/3 учаске	0,0925
57	Абильдаева Бану Алдабергеновна	20-322-004-835	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 2/1 учаске	0,0799

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17 маусымдағы № 2/115-261 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі № 3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- «Алмаситы 5» тұрғын үй кешеніне жол жүруді қамтамасыз ету үшін Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17 маусымдағы № 2/115-261 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі				
Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Мұрат Әлия Қайратқызы	20-322-001-069	«Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/21 учаске	0,8428
2	«Нур City Invest» ЖШС	20-322-001-087	«Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/24 учаске	0,0182



ОҚЫРМАҢДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектегі көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almatyaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге. УОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ЭКОЛОГИЯ

МЕГАПОЛИС ТАЗАЛЫҒЫ

Стихиялы қоқыс үйінділері спутник көмегімен анықталады

Қала тазалығы ғарыштық жерсеріктің көмегімен бақыланатын болады. Қазақстанда 2018 жылдан бері 39 елдімекенге, оның ішінде Алматы қаласына ғарыш мониторингі жүргізіледі. Ғарыштық мониторинг нәтижелері гео-сервис арқылы қоқыс қалдықтары жиналатын орындарды көрсетеді әрі оларды тиісті қызметтер бақылайды.

Сервис қоқыстың орнын, түрін, уақытын анықтап, мамандар түсініктеме енгізе алады. Геоорталдың көмегімен 2021 жылы 17 қоқыс үйіндісі тіркелген, ал осы жылдың басынан бері Түркісіб және Медеу аудандарында 10 стихиялы қоқыс орны анықталған. Жергілікті әкімдіктер анықталған аумақтарда тазалау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Стихиялы қоқыс орындарын анықтау үшін Алматы қаласы әкімдігінің экология департаменті, мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасы, аудан әкімдіктері мен «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи саябағы» ММ мамандарынан тұратын арнайы жұмыс тобын құрды.

Жыл басынан бері жұмыс тобы 37 стихиялы қоқыс орнын анықтап, оның 32-сі жойылды, қалған 5-еуінде тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2021 жылы жалпы құны 109 млн болатын 2,5-ға жуық әкімшілік хаттама толтырылды (ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы» Кодексінің 505-бабы абаттандыру ережелерін бұзу бойынша). Осы жылдың басынан бері құны 43,2 млн теңге болатын 1255 хаттама толтырылды.



Алынған мәліметтер стихиялы қоқыстардың ашық алаңдарда, жыра-сайларда, қоршалмаған жеке құрылыс аумақтарында, Алматы облысымен шекаралас қала аумағына қосылған ауылдарда жинақталып қалатынын көрсетті.

Алматы қаласының аумағында тұрмыстық қатқыл қоқыстарды тастауға арналған 8000 контейнер, 1500 контейнер алаңдары бар. Қоқыстар Наурызбай ауданы мен Алматы облысы, Қарасай ауданының шекарасында орналасқан Ақсай карьеріне жеткізіледі. Биылдырайтын және ірі сұрыпталмайтын қоқыстар Алматы облысындағы полигонға жеткізіледі.

Қайталама шикізатты бөліп-жинау мақсатында контейнер алаңдарында тордан жасалған 1000-нан аса контейнер мен 300-ге жуық нан қалдықтары салынатын контейнер орнатылған. Оларды қайта өңдеуді ШОБ жүзеге асырады.

Сонымен қатар, қала аумағында 37 қайталама шикізат қабылдау орталықтары жұмыс жасайды, ал ұйымдарда қағаз, пластик және әйнек қоқыстарды бөліп салуға арналған мыңнан аса экобокс қойылған.

Стихиялы қоқыс үйінділерінің жаңадан пайда болуының алдын алу үшін қала тұрғындары мен қонақтары қаланы абаттандыру ережелерін сақтаулары, қоқыс тастауға арналған арнайы контейнерлерді пайдалануға және арнайы қоқыс полигонына жеткізуге келісім-шарты бар ұйымдармен жұмыс жасаулары тиіс.

Сондай-ақ, бақылау және шұғыл шара қолдану мақсатында WhatsApp мессенджерінде табиғатты қорғау прокуратурасы, экология департаменті мен аудан әкімдерінің орынбасарларының қатысуымен арнайы чат құрылды.

Тазалықты сақтау, жиналған қоқыстарды дер кезінде тасымалдау, стихиялы қоқыс орындарының пайда болуының алдын алу үшін қала тұрғындары мен қонақтары Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасына (WhatsApp +7 707 912 16 26) хабарласа алады.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

ЫСТЫҚ СУ БОЛМАЙДЫ

Түркісіб ауданындағы ғимараттардың бір бөлігі ыстық судан уақытша ажыратылды.

20–24 маусым аралығында Түркісіб ауданының аумағындағы Орджоникидзе – Кожедуб – Гёте – Читинская; Кассина – Буденный – Бехтерев – Жұмабаев көшелерінің контурында, сондай-ақ Элеваторская – Щелково – Сүйінбай көшелерінің контурында орналасқан тұрғын үйлерге және өзге де ғимараттарда ыстық су болмайды.

Шектеулер «Алматыжылужайэнерго» ЖШС қазандықтарында жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін енгізіледі. Уақытша қолайсыздықтар үшін «Алматы жылу жүйесі» ЖШС кешірім сұрайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Алматы қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Бибатырова Ғайникен Айдарханқызына жұбайы, техника ғылымының кандидаты

Қамит Жұмабайұлы АЙТХОЖИННИҢ

дүниеден озуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Қамит Жұмабайұлы 1940 жылы дүниеге келген. Мәскеу теміржол көлігі инженерлері институтын бітірген. Кейіннен осы жоғары оқу орнының аспирантурасында ғылыми жұмысын қорғап, техника ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болған.

Еліміздің теміржол және автокөлік саласында ұзақ жылдар қажырлы еңбек етіп, ел экономикасының өркендеуіне сүбелі үлес қосқан.

Бостандық ауданы Әкімінің аппараты және аудандық Ардагерлер кеңесі мемлекет және қоғам қайраткері

Қамит Жұмабайұлы АЙТХОЖИННИҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына және отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalem-
esh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almatyaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ОРАЙЫ КЕЛГЕН СҰХБАТ

Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы орталығы кішкентай науқастарға түрлі дәрежедегі оталар жасап, оларға әрі қарай қажетті ем қабылдауға бағыт беретін мекемелердің бірі. Біз дәрігерлердің кәсіби мерекелері қарсаңында көптеген балалардың құлан-таза айығып кетуіне септігін тигізіп, ел алғысына бөленіп жүрген балалар хирургі АФЛАТОНОВ Нұржан Бақытбекұлына хабарласып, қазіргі таңдағы балалар денсаулығында кездесетін сырқаттар жөнінде шағын сұхбат жүргізген едік.

– Нұржан Бақытбекұлы, мерекенізбен! Әңгімемізді бірден статистикадан бастайықшы... Хирургия бөліміне жүгінетін науқас балалар көп пе? Олар қандай диагноздармен келеді?



– Рахмет. Ата-ана үшін перзентінің амандығынан артық байлық жоқ. Бірақ өмір болған соң бала ауырмай тұрмайтыны бар. Сондай сәттерде ауруды дер кезінде анықтап емдейтін жалпы педиатрияның бірегей саласы – балалар хирургиясы екені рас. Мен алдымен Педиатрия орталығындағы Хирургия бөлімінің жұмысы жайында айта кетейін. Аталмыш бөлім негізінен жоспарлы хирургиялық патологиясы бар балаларға ота жасаумен айналысады. Бөлімде мойынның, кеуде қуысының, өкпенің, көкірек қуысының, өңештің, асқазан-ішек жолының, тоқ ішектің, бауырдың, өт жолдары аурулары мен дамуында туа бітті ақаулары бар балаларға ем жасай-

ды. Нәтиже жаман емес. Олай дейтінім, бүгінде сырқатынан айығып, аман-есен үйлеріне қайтып жатқан кішкентай пациенттеріміз жетіп-артылады. Ерекше атап өтетін жайт, қазіргі таңда Қазақстан бойынша біздің бөлімде ғана өңеш пластикасы бойынша операциялар жасалады. Орталыққа әртүрлі диагноздармен түсетін балалардың саны артпаса бүгінде кеміген жоқ. Мұнда жылына шамамен 600-ден аса түрлі хирургиялық операциялар жасалады. Балалар арасында кеуде қуысы мүшелерінің (оның ішінде жиі өңеш ақаулары), аноректалдық аймақтың туа бітті ақаулары жиі кездеседі. Соңғы уақытта сырқат балалардың белгілі бір тобын гастроэзофагеалдық рефлюкс ауруы бар балалар құрайды. Біздің емделушілеріміздің ең көп бөлігін ішектің даму ақаулары мен аноректалды мальформациялары бар балалар құрайды. Ең көп операция да соларға жасалады.

Нұржан БАҚЫТБЕКҰЛЫ, балалар хирургі:

АЛҒЫС біз үшін ең үлкен марапат



Балалар
жылы
2022

– Тәулігіне қанша ота жасайсыздар?

– Орталықта күніне 1-ден 4-5 отаға дейін жоспарланған операциялар жасалады. Оның сыртында жоспарланбай жасалатын оталар қаншама?! Қажет болса, сенбі, жексенбі күндері немесе кез келген күні шұғыл түрде де ота жасайтын сәттер болады.

– «Балалар жылына» орталық қандай шараларға басымдық беріп отыр?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Осыған орай елімізде балалар денсаулығына жақсы көңіл бөлінуде. Педиатрия орталығы да өзінің емделушілеріне жағдай жасаудан кенде емес. Уақытылы ем қабылдау, білікті мамандардың бақылауында болу – мұның барлығы балаларға жасалып жатқан қамқорлық. Нәрселерімізден көмегімізді аяп жатқан жоқпыз.

– Медицина жылдам дамып келе жатқан сала. Соған сәйкес емдеу тәсілдері де жанару үстінде. Ота жасағанда қандай емдеу тәсілдерін қолданасыздар?

– Иә, дұрыс айтасыз, медицина бір орында тоқтап тұрған жоқ. Күн сайын сан алуан ота түрлері жасалып, жаңа әдістер қолданылып жатыр. Мәселен, осыдан 3-4 жыл бұрын жасалынған емдеу тәсілдері

бүгінде қолданылмайды. Өйткені, медицина саласы заманауи құрал-жабдықтармен, тың дүниелермен толығуда. Біздің орталық та мұндай жаңашылдықтан тыс қалмай, осы дәуірдің жетістіктерін барынша пайдалануға ден қойған. Балалар колопроктологиясында, қан-тамыр хирургиясы, гепатобилиарлық жүйенің ақауларында және өңеш хирургиясында жасалып жүрген түрлі, ауыр жаңа оталар озық технологияларды пайдалана отырып жасалады. Күрделі операцияларда лапароскопиялық әдістер қолданылады.

– Дәрігер мамандығын, оның ішінде балалар хирургі мамандығын не себепті таңдадыңыз?



– «Арман адамға қанат бігіреді» деп тегін айтпаған ғой. Дәрігер болуды бала кезімнен армандадым. Мамандықтың жауапкершілігі зор, жолы қиын екенін білсем де алдыма қойған мақсатымнан айнымадым. Дәрігер, ол – адам өмірінің сақшысы. Сондықтан оған қателесуге болмайды, өйткені оған адамның өмірі сеніп тапсырылады. Ал балалар дәрігеріне екі есе зор жауапкершілік қажет. Өз басым, мықты маман болу үшін бір орында тұруға болмайды. Әрқашан дамып, ілгерілеп, техниканы шындап отыру қажет деп есептеймін.

– Есіңізде қалған ең жас пациентіңіз...

– Ең жас пациентім – 5 айлық балапан еді. Оған аноректалдық аймақтағы туа бітті ақауына ота жасадық. Жалпы, хирургия ол – командалық жұмыс. Біздің бөлімшенің әр оташысын мен өте жоғары маман иесі деп есептеймін. Өз басым, кейбір қиын оталары сәтті аяқталып, кейіннен шауып жүгіріп жүрген пациенттерімізді көргенде, жүрегім жылып сала беретіні бар. Біз үшін ең үлкен марапат – емделушілеріміздің сырқатынан айығып келіп айтқан алғысы. Әріптестерімді кәсіби мерекелерімен құттықтаймын!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ЕҢ МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ

Ертең Алматы қаласында «Бөпе» отбасы және неке институтын жаңғырту қорының ұйымдастыруымен кезекті «BÖPE FAIR» атты отбасылық іс-шарасы өтеді.

Шараның мақсаты – қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайту, салауатты қарым-қатынас мәдениеті мен балаларды тәрбиелеу мәселелерін қозғау, сондай-ақ отбасында туындайтын өзекті мәселелерді шешу болып табылады.

Бүгінде «отбасы» ең маңызды әлеуметтік институт ретінде модернизацияға ұшырауда. Әлемдік жаңа серпілістерге сәйкес, отбасын заманауи серпілістерде зерттеудегі талдау оның қандай мәселелеріне көңіл аударуды анықтап берді: қоғамның некелік қатынастарға, тұрмыс-салтына қалай әсер ететінін, әртүрлі әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайларда отбасы ережелері мен бағалы құндылықтары қалай көрініс табағынын, отбасындағы тәртіп пен қарым-қатынастар әлеуметтік тұрғыдан қалай реттеліп отыратынын, т.б. айтуға болады.

Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастар олардың сезімімен (махабат, сыйластық, қамқорлық), салт-ғұрыппен ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тәрбие. Ал қоғамның отбасыға жасайтын қызметін, отбасының тұлғаға, тұлғаның отбасына жасайтын қызметін заман ағымына сай, ұлттық болмысты сақтай отырып қарастыру қажеттілігі тәжірибе мен сапалы іс-әрекеттер арқылы жүзеге асатыны сөзсіз. Осы ретте жыл сайын «Бөпе» отбасы және неке институтын жаңғырту қоғамдық қоры әлеуметтік қызметін «BÖPE FAIR» отбасылық іс-шарасы арқылы дәлелдеуде.


Өтетін орны: әл-Фараби даңғылы, 142 А, «Ариал» гольф-клубы. Билеттерді <https://showmarket.kz/events> сайты арқылы алуға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АЛМАТЫ АСПАНЫ АШЫҚ БОЛАДЫ

Кешеден бастап Ай толысты. Бабаларымыз ай толғанда орын алатын жағымсыз құбылыстардан сақтандырып отырған



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Ай – көшпенділердің өмірінде өте маңызды рөл атқарған, киелі саналған. Алдымен жіңішке орақ түрінде ғана пайда болатын Ай 7 күннің ішінде жарты Айға толысып өседі. Келесі шегірінде (7 күн) толысып шеңберге, дөңгелекке айналады. «Онбесінде толған айдай» деп қазақ осыны айтқан. Ал енді келесі кезеңде Ай біртіндеп оң жағынан бастап кетіліп 7 күннің ішінде тағы да жартыланып – жарты Айға айналады. Осы кетілу әрі қарай жалғасып қалған 7 күннің ішінде толық мүжіліп бітеді.

Бабалардың пайымдауынша, адам өмірі де Ай сияқты: жоқтан бар болып жаратылады, туады, өсіп өнеді, толысады, бұдан соң қартаю басталып, біртіндеп кемиді, мүжіледі, ең аяғында өліп жоқ болады...

Фролов деген ғалымның зерттеулеріне қарағанда, алғашқы күнтізбе тас (палеолит) дәуірінде (28 күндік, ай жүйесі бойынша) пайда болыпты, оны әйел ойлап тапқан көрінеді. Ол жатырда баланың пайда болуы, оның

жетілуі, дүниеге келуі сияқты үдерістің мезгілін анықтап отыру үшін жасалған екен. Қазақта да әйелдер күнтізбесі болған. Бір айда отыз күн бар деп саналса, алғашқы үш күні аспанда ай көрінбейтін үш күн, «өлі күн» деп есептеп, бұл күндері екі жастың ақ төсекте кездесулеріне тыйым салынған. Аналардың есебі бойынша, аяғы ауырлаған әйелдің әрбір айы 27 күннен тұрады. Әрбір айдың басы оның етеккірі келген күнінен басталады. Ол үш тоғызға бөлінеді: «Етеккір тоғызы», «Арылу тоғызы», «Кездесу тоғызы».

Бірінші және екінші кезеңде кездесуге рұқсат етілмеген. Себебі, олардың ауруға ұшырау (скеуі де) қаупі бар екен. Түсінік бойынша, үшінші тоғыздың әр тақ күні неке төсегінде тән қосылса, олардан ұл туады, ал жұп күндері тән қосылса – қыз туады деп болжаған. Ана тал бойына біткен баласын тоғыз ай, тоғыз күн көтереді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, әрқайсысы 27 күннен болатын тоғыз айда 243 күн бар. Аққол аналар

бұған үшінші «кездесу тоғызын» қосып есептейді. Осыдан келіп тіліміздегі «тоғыз ай, тоғыз күн» тіркесі орныққан. Тәжірибелі ана жаңылмас үшін сол сәтті күннен бастап дорбаға 243 құмалақ салып алады да, осы құмалақтың күніне біреуін лақтырып отырады, осылайша жүкті әйелдің күні жақындаған сайын құмалақ саны да азая беретін болған...

Пайымымызға қайта оралатын болсақ, ауа райы осы қалпын сақтай береді деуден аулақпыз. Алдағы аптаның басынан жауын-шашын қайта көрініс береді, күн салқындай бастайды.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша бүгін маусымның 16-сы. Ай жүйесі 17-сін көрсетіп тұр. Қазақы есепке сүйенсек, бүгін жаңа айдың 3-і. Апта айдың басы мен ортасын қамтып тұр. Бұл апталық ауа райында көп өзгеріс орын алмайтынын, Алматы аспанының ашық болатынын білдірсе керек.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Ай толғанда:

- * Адамдардың оның нұрынан сақтанғаны абзал.
- * Түнге қарай перделерді дұрыстап тұтып, терезелерді қымтау қажет.
- * Үйқыдағы адамның (әсіресе, сәбидің) бетіне ай сәулесінің түспегені жөн.
- * Ақыл-естің ауытқуына, басқа да психикалық аурулардың туындауына толған айдың өткір сәулесі зиянын тигізуі әбден мүмкін.

